

ResearchGate

Google Scholar

I^{WORLD}
I^{of}
JOURNALS

НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА
LIBRARY.RU



ISSN

e-ISSN(Online) 2709-1201



МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ENDLESS LIGHT IN SCIENCE

NO 3

31 МАРТА 2025

Астана, Казахстан



lrc-els.com

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»
INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»



Main editor: G. Shulenbaev

Editorial colleague:

B. Kuspanova
Sh Abyhanova

International editorial board:

R. Stepanov (Russia)
T. Khushruz (Uzbekistan)
A. Azizbek (Uzbekistan)
F. Doflat (Azerbaijan)

International scientific journal «Endless Light in Science», includes reports of scientists, students, undergraduates and school teachers from different countries (Kazakhstan, Tajikistan, Azerbaijan, Russia, Uzbekistan, China, Turkey, Belarus, Kyrgyzstan, Moldova, Turkmenistan, Georgia, Bulgaria, Mongolia). The materials in the collection will be of interest to the scientific community for further integration of science and education.

Международный научный журнал «Endless Light in Science», включают доклады учёных, студентов, магистрантов и учителей школ из разных стран (Казахстан, Таджикистан, Азербайджан, Россия, Узбекистан, Китай, Турция, Беларусь, Кыргызстан, Молдавия, Туркменистан, Грузия, Болгария, Монголия). Материалы сборника будут интересны научной общественности для дальнейшей интеграции науки и образования.

31 марта 2025 г.
Астана, Казахстан

DOI 10.24412/3007-8946-2025-31-3-6
ЭОЖ 02.91

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МЕН АБАЙ АРАСЫНДАҒЫ СЫПАТ ТӨҢРЕГІНДЕ САБАҚТАСТЫҚ

КАРАТЫШКАНОВА КЫМБАТ РАХМЕТОВНА

Халықаралық туризм және меймандостық университетінің
қауымдастырылған профессор м.а.,
Түркістан, Қазақстан

Аннотация. Мақалада ясауилік дүниетанымындағы құдайылық сыпат пен Абай шығармаларындағы кемелдік сыпаттары арасындағы ұқсастық пен айырмашылық қарастырылады. Екі ойшылдың қолданымындағы ұғымдар мән-мағынасы Қара сөздер мен Хикметтер аясында айқындалады.

Кілт сөздер. Сопылық, Құдай болмысы бірлігі, Қожа Ахмет Ясауи, Абай, кемел адам, толық адам.

Қожа Ахмет Ясауи мен Абай Құнанбайұлы мүлде басқа уақыт пен кеңістік адамдары болғанымен, замана талабы мен ғылым өркендеуі тұрғысынан екі тұлға арасында рухани жақындық байқауға болады. Екі тұлға да өз заманының алғыр тілдің де, ойдың да көсемдері бола білді деуге болады. Қоғамның көкейтесті мәселелерімен шұғылдана жүріп, тәрбие мен білімді қатар алып жүрді. Олай дейтініміз, екі тұлға да еңбектерінде өз ортасына шырақ боларлық, мінез мен ар-ожданды дұрыстайтын код бере білді. Қытай үшін Конфуций қаншалық дін мен мәдениеттің жаршысы бола білсе, Ахмет Ясауидің рухани жарығы бүкіл түркі жұртшылығы үшін ғылымды да, мәдениетті де, руханиятты да қамтамасыз ете алды.

Ортағасырлық исламдық кеңістікте дін сопылық негізде тараған кеңістік түркі өркениеті саналады. Себебі, алғаш дәуірлерде күштеп енгізумен түркілер арасында исламды енгізуден нәтижеге жетпеген араб-мұсылман әскерлері жергілікті мәдениетті ескеріп қана бұл мәселені шешуге бел буады [1]. Дәл сол аралықта дінді білетін қожалардың түркі жұртының солтүстік, солтүстік-батыс территорияларына исламды насихаттап енгені турасында мәліметтер бар. Қазіргі таңда да түркі елдерінде қожалар әулеттері тұратынын айтпасақ та түсінікті. Исхақ баб ұрпағы саналатын Қожа Ахмет Ясауи алғаш білімді Сайрамда өз әкесі Ибрахим шайхтан алады [2]. Кейін Арыстан баб ұстазынан білім алған ол Яссы (Түркістан) діни насихатын бастайды. Өмірінің бұл кезеңдері турасында Түркияда 1940 жылдары жарық көрген Фуат Көпрүлүннің «Түркі әдебиетіндегі алғашқы сопы-ақындар» деген еңбегінен оқуға болады [3]. Осы еңбек ясауилік мұраны қайта жаңғыртуға бастама болған алғашқы қадам болды. Ортағасырларда жергілікті исламның ерекшеліктері туралы ғылыми негіздемені берген сопы-ойшыл әл-Ғазали болды. Өзінің «Дін ғылымдарының жандану» еңбегінде ол сопылықты Құдаймен бірігу, сол жолда жоқ болу деп емес, сопылықты рухани және адамгершілік кемелдену жолы деп түсіндірді. Себебі адам өзін танымай жаратушыны да танымас еді [4,С.30]. Әл-Ғазалиге дейін бүкіл жаратылысты деңгеймен беріп, Құдай болмысының тұтастылығы мен бірлігін көрсеткен Ибн Араби болды. Андалусиялық (Испания) Ибн Араби (1240 ж. өл.) сопылық ілім тарихындағы көрнекті тұлға болды, ол араб-мұсылман мәдениетінің көптеген салаларында – теологияда, философияда, поэзияда өшпес із қалдырды. Оның шығармаларында сопылық ой-пікірдің үш ғасырдан астам даму барысы қорытындыланды. Ол Құран мен Сүннетті шектен шыққан аллегориялық түсіндіруге талпынды. Ол сопылардың іздеген мақсатын жанның құдаймен бірігуі, оның жердегі әулиелік даралықты жоғалтуымен толық жоқ болу сыпатымен түсіндірді. Ибн Араби ең алдымен «болмыстың бірлігі мен бірегейлігі» (уахдат әл-ужуд) деп аталатын өте күрделі философиялық пантеистік ілімнің жасаушысы ретінде белгілі. Ол бойынша әлем Құдайдың көлеңкесі не елесі іспетті болды. Жаратылған болмыс өздігінен бола алмайтын, алайда өз тағдыры шегінде жауапкершілігі бар

болмыс сыпатында қаралады [4,С.30]. Сопылық философиясы бойынша адам болмысында құдайылық та, хайуани да сыпат бар. Жердегі өмірде хайуани болмыс басым түсетіндіктен, адам өмірінің басты мақсаты рухани кемелденуге қол жеткізу болып табылады. Әл-Ғазали де, Ибн Араби де рухани кемелдіктің өздері дұрыс көрген бағыттарын түсіндіреді, жоғарыда айтқанымыздай, әл-Ғазали кемелденуді адамгершілікті қалыптастырып дамытуда деп білсе, Ибн Араби Құдаймен бірігуді насихаттайтын пантеистік жолды дұрыс деп білді. Жалпы сопылық практикада екі жолдың басын қосқан тәсілді сопылық тариқаттарда көре аламыз. X-XII ғғ. сопылық тарихында тариқаттар дәуірі келіп шыққан болатын. Түркілік территорияда ясауилік тариқатының қалыптасып дамуына түркілік өркениеттің ерекшелігі әсер етті деуге болады. Ежелден руханият әлемімен тұтасып қалыптасқан бұл кеңістікте басты құндылық ретінде адамды рухани жетілдіру жолдары маңызды саналды.

Сопылық философияда адамды кемелдендіру қоғамда өздігінен іске аспайтын әрекет деп қаралады. Өйткені данышпан әулие-ұстаз (инсан камил) болмай бұл жолда табысқа жете қою екіталай. Жалпы ортодоксалды исламда адамды өз-өзін жетілдіруін әлсірететін тағдыр догмасы бар. Фаталистік түсінік бойынша адамның өзін-өзі жетілдіруі бұл оған тағдырланбаған болса, мүмкін болмайды. Алайда сопылықта мұны басқаша негіздейтін ерекшеліктер бар. Ибн Арабидің Құдай адамға тек қажеттіліктерді ғана емес, мүмкіндіктерді де бергенін айтып өтеді. Мәселен, сопылық адам ішінде құдайылық нұр бар деп ұғындырады, сол терең ішкі руханиятымен сопы кемелдене алады дейді. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» шығармасында ішкі кемелдіктің сыпатын былай береді:

Көкірегі көрсоқыр талапкермін деген кіл,
Шын шәкіртті сұрасан, іші-тысы кемел дүр.
Аллаға аян сырлары, адал, таза жеген нұр,
Арыстан бабам сөздерін есітіңіз — тәбәрік [5,155].
Менің хикметтерім — ісім мен сөзім,
Алла, көңілімде болсаң, қорғаушым да өзің.
Менің хикметтерім — кемел пір,
Кім құдайды таныса, жанымен бір [5,435].

Тіпті сол кемелдікті кемел пір басқаруымен болатынын айтады:
Кереметім — сыйынатын пір кемел,
Кім таныса хақты — жаным бірге дер [5,164].
Арғы атасы күпілі, сүрген өмір жұпыны,
Керемет көп шүкірі — кемел ақыл дәруіштер [5,113].

Осы тұста жоғарыда айтылғандай, Ибн Арабидің адам қажеттіліктерімен қоса мүмкіндіктерімен де қоса жаратылғанын еске алсақ, бұл мүмкіндіктер тек кемелдікке лайықтарда ғана болатыны айтылады. «Кемел адам» - бұл жаратылыстың басты себебі мен негізгі мақсаты деп беріледі [6]. Осы еңбегінде Ибн Араби кемел адам түсінігіне келу үшін «інжілдік» образды негізге алады, ол бойынша Алла тағала Адамды өзіне ұқсата жаратқан делінген. Кезінде мұсылман ғұламалары арасында үлкен дау туғызған бұл пікірді ислам ғұламалары «өзі» дегенді Адамға қарата қолданған. Әбу Хамид ал-Ғазали бұл қағидадан адамды микрокосм, ғаламның көшірмесі деп, екіншіден, адам Құдайылық сипаттардың бейнесі, көлеңкесі деп түсіндірді. Хәкім Абай бейне мен көлеңкенің бір емесін 38 Қара сөзінде былай үйлесімді түсіндіреді: «Алланы бар дедік, бір дедік, ғылым құдрәті сипаты бірлән сипаттадық. Жә бұл бірлік, барлық ғылым, құдірет олу да болардық нәрселер ме? Әлбетте, ғылым құдіреті бар болады... Ғылым бар болса қаламақ та бар. Ол ирада - ғылымның бір сипаты кәлам... Алла Тағаланың көрмегі, естімегі біз секілді көзбеген, құлақпенен емес, көргендей, естігендей білетұғын ғылымның бір сипаты» [7,101 б.]. Бұл ғылым сипатын Қожа Ахмет Ясауи «Диуани Хикметінде» «таңсәрі» ұғымымен түсіндіреді: «Тансәрінің ләззатын ғашық құлдар сезінген, Көрер хақтың сипатын таңсәрінің кезінде» [5, 150], деген. Яғни, көру

де, есту де, сезіну бұл таңсәрінің уақытында деп рухани ғылымға меңзейді. Абай болса 38-Қара сөзінде «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықбірлән табылады. Ол – Алланың ғылымы емес, хәммәні білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді... Ғылым Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық хәм адамдық дүр. Болмаса, мал таппақ, мақтан таппақ ғиззат-хұрмет таппақ секілді нәрселердің махаббаты бірлән ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды. Ол - Алла Тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ғақылымыз мұқтаж, жоғарғы жазылмыш сипаттар бірлән тағрифлап танымакқа керек. Егер де ол сыфаттар бирлән тағрифламасақ, бізге мағрифатулла қиын болады. Біз Алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, немесе түгел білмекке мүмкін емес», деді, яғни Алла Тағаланың өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі [7,100 б.].

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметінде» «кемелдікті», «ессіздікті» сыпаттап, тек елуге толғанында татып көріп, нәпсіні жеңгенін, ғашық болып, аһ ұрғанын баяндайды:

Ғашық сыр қырық тоғызда шертіп едім,
Мәжнүңдей елден қашып, тентіредім.
Ешкім де таба алмады дертім емін,
Сыйынып, патша құдай, келдім саған.

Елуде ермін десем, тақсыр,
ішім Ез екен, бола алмадым жақсы кісің.
Жүрер ем иттей қаңғып нәпсім үшін,
Сыйынып, патша құдай, келдім саған [52].
Ессіздер пір шарапқа елтіп қанып,
Махшарда аузынан от шашар, достар.
Құдіретпен жаратылған жеті тамұқ
Аһынан ашықтардың қашар, достар [5,89].

Құдайылық сыпат пен адами сыпатты ажыратып көрсеткен Абай бұл ұғымдарды шексіздік пен шектілік ұғымдарымен ашып, кемелдіктің белгісін өзің мен өзге үшін өміріңді арнау арқылы айқындайды: Енді біліңіздер перзенттер! Құдай Тағаланың жолы деген жол ниятсыз болады. Оның ниятына ешкім жетпейді, бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып, кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаңа болса, өзің нияттысың, ол жол құдайдың жолы емес. Ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген ынсап? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғаталәт, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – құданың жолы. Ол – ниятсыз жол, сол ниятсыз жолға аяғыңды берік бастың ниятсыз құдаға тақырып хасил болып хас езгу құлдарынан боомақ үміті бар, өзге жолда не үміт бар? [7,121 б.].

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде рухани кемелденген адами сыпаттың қандай болуы керектігін сопылық тарихындағы атақты сопы-тақуалардың басты ерекшелейтін сыпаттарымен байланыстыра берген. Олардың ішінде Ибн Адхам, Мансұр Халладж, Арыстан баб, Мұса, Мұхаммед Пайғамбарлар сыпаттары үлгі қаралады:

Ғашық болсаң, көз жасыңды төгіп жүргіл,
Баязиттей дүние қызығын теуіп жүргіл.
Адхам сипат тақ пен бақтан қашып жүргіл,
Тілек берсең, дүние қызығын тепкім келер [5, 144].
Саудамды жиырма алтыда біле калдым,
Астамшыл Мансұр сипат жүрек алдым.
Дерт пен шер, пірсіз жүріп, тілеп алдым, [5, 46].

Асыққа қадам басқанға дидардан нұр шашты алла,

Удай мас боп алқада һу зікірін қақсар да,
Хаққа сауал береді Мұса сипат махшарда,
Арыстан бабам сөздерін есітіңіз — тәбәрік [5,156].

Мәжнүн сипат кештім екі жаһанды,
Диуана қыл, жарылқа мені, Мұхаммед. [5, 257].

Мұхаммедті сипат қылсам, тіл жетпес,
Анасының аты Әмина, одан ешкім өтпес.
Атасы аты Ғабдолла екан дур,
Анадин туғмайын улган екан дур [5,350].

Қорытындылай келе, ясауилік ілімінде кемелділік сыпат ретінде Абай шығармаларындағы кемелдікпен сопылық және теологиялық қағидалар позициясы тұрғысынан өзара байланыста екені анықталады. Екі ойшылдың қолданымындағы ұғымдардың мән-мағынасы, әсіресе «Қара сөздер» мен «Хикметтердегі» қолданылған ұғымдардың сопылық қағидаттары тұрғысынан сабақтас келетінін мысалдармен көрсеттік. Кемелдік сыпат ретінде Қожа Ахмет Ясауидің де, Абайдың да Құдай Тағала мен адамға қолданған ұғымы ретінде екі бөлек түсіндіріледі. Жаратушы мен жаратылыстың өз сыпаты бар екендігі сияқты кемелдіктің Жаратушы мен жаратылысқа қатысты алғанда басқаша берілгенін ашып көрсеттік.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Заманханұлы З. Йасауи жолының Алтын Орда тарихындағы ролі: Түркі-ислам тарихы. - Алматы, 2024. «Орхон» баспа үйі. – 384 бет. өз
2. Тұрантегі Д. Ысхақ баб. – Алматы: «Сөздік», 1999
3. Көпрүлү Ф. Түркі әдебиетінде алғашқы сопы-ақындар. – Түркістан, 2017. -176 бет
4. Садыков Р.Г. Основы исламской теологии: монография. Уфа: Издательство БГПУ, -2012. 10 п.л.
5. Йасауи Қ.А.: Хикмет жинақ: Даналық сыр, - Алматы: «Жалын», 1998, 656 бет.
6. Ибн ал-Араби Мекканские откровения (ал-футухат ал-маккийя). — Пер. • араб., введ., прим. и библиогр. А. д. Кныша. — СПб.: Центр "Петербургское Востоковедение", 1995. — 288 с.
7. Абай. Қара сөз. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2011. -184 бет.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-31-7-15

ЯССАУИ ІЛІМІНДЕГІ АДАМ МӘСЕЛЕСІ

РАХИМОВА ГУЛЬНАРА ДҮЙСЕНҚЫЗЫ

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университеті,
Философия ғылымдарының кандидаты

Аңдатпа. Мақалада Қожа Ахмет Яссауи еңбектерінің негізгі мәні – адам және оның тіршілік философиясы екендігі жөнінде қысқаша зерттеу жүргізіледі. Адамның өміріндегі негізгі мәселе оның этикалық принциптері екендігі жөнінде айтылады. Бұл сұрақтарға христиандық философия шеңберінде де қарастыра келеоны мысалдармен көрсетуге ұмтылыс жасалынады. Яссауидің сопылық философиясындағы адам мәселесін араб-мұсылман философиясындағы Алла мен адам арасындағы қатыгас мәселесін діни жүйе қағидаттарымен салыстыра көрсетеді.

Keywords: Human. Religion. Religious consciousness. Ethical principles. Works of Yassawi. Creationism. Sufism. Sufi philosophy.

Кілт сөздер: Адам. Дін. Діни сана. Этикалық принциптер. Яссауи еңбектері. Креационизм. Сопылық. Сопылық философиясы.

Адам мәселесі – философиядағы өзекті тақырып. Бұл тақырып ешқашан өзектілігін жоғалтқан емес. Парасатты тіршілік иесі аталғалы қаншама жылдар мен ғасырлар өтсе де адам өзі туралы ілімнің құпия сырларына үңілумен келеді және бұл қызығушылық жылдан жылға, ғасырдан ғасырға тек қана философтарды ғана емес, дүйім жұрттың негізгі тақырыбына айналған. Философия тарихындағы адам жайындағы тұжырымдамалар мен түсіндірмелер, ілімдер мен ғылыми көзқарастар, ой-пікірлердің сан алуандығы аз болған жоқ. Әрбір тарихи дәуірдің адамға қатысты озық пікірлері болады. Адамзат қаншама тарихи-мәдени кезенді басынан кешірсе де оның өзіне қатысты проблемаларының негізгі өзегі өзгеріссіз күйінде қала береді. Яғни, ол адамның онтологиялық мәні, гносеологиялық мүмкіндігі және аксиологиялық құндылығы болмақ. Адамда осы үшеуінің үйлесімді бірлігін қамтамасыз етудің қаншама теориялық және практикалық негіздері құрылды. Сол замандарда қалыптасқан адамға қатысты базалық принциптерді қайта қарап, адамның өмірінің мәнін табудың, соған алып барар өзге дара жолды ізденушіліктің әрекеттері нәтиже бере қойған жоқ. Сондықтан, пікірлер сан алуан болғанымен – ақиқат біреу. Ол – адам мәселесін талдаудағы озық туғызған амалдардың жиынтығы.

Яссауи мұрасының зерттелу деңгейі

Қожа Ахмет Яссауидің діни философиясын талдауды бастамас бұрын біз зерттеу еңбегіне кірісерде мынадай екі нәрсеге назар аударуымыз қажет: біріншісі, Яссауидің «Диуан-и хикмет» еңбегінің аударылуы болса, екіншісі бұл еңбектің әдеби тілі, философиялық тілі, діни мазмұны. Бұл аталған мәселелердің әрқайсысы жеке-жеке зерттеулердегі талдауды қажет ететін үлкен тақырыптар екендігін де атап өткіміз келеді. Әдебиеттанушылар бұл еңбектің жазылуындағы тілдік ерекшеліктер жөнінде біршама жазды.

Қожа Ахмет Яссауи (1094 – 1116 жж.) «Хикметтерінің» жазылуындағы тілдік ерекшеліктер жайында П.М.Мелиоранский, К.Г.Залеман, С.Е.Малов, А.К.Боровков, Ф.Көпрүлү, А.Н.Кононов, Ә.Нәжіп, Н.А.Баскаков, А.М.Щербак, Э.Рустамов, К.Ерслан, А.Серткай, А.Ержиласун секілді өзбек, орыс және түрік ғалымдарының еңбектерінде қарастырылып, айтылып келгені белгілі. Қазақ тіл білімінде бұл мәселемен академик Р.Ғ.Сыздықова көп жылдар айналысып, сол ғылыми ізденістің нәтижесі 2004 жылы «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» атты ғылыми монография ретінде жарық көрді [1, 44 б.].

Отандық ясауитану ғылымында бірқатар соны зерттеулер жасалғанымен, бүгінге дейін хикметтердің жанрлық сипаты жағынан арнайы ізденіске арқау болып көрген жоқ, - деп, - хикмет жанрының қалыптасуына баса назар аударып қарастыруға тырысқан Айнұр

Әбдірәсілқызы [2, 49 б.]. Яссауи мұрасын әдеби жанр мәселесі тұрғысынан қарастырған ғалымдар Х.Сүйіншәлиев, А.Ахметбек, А.И.Пылев. «Диуан-и хикметтегі» айтыс жанрлық түріндегі іргелі зерттеу жүргізген М.Жармұхамедұлы.

«Диуан-и хикмет» еңбегінің шағатай тілінен (көне түрік тілі) аударылу дәрежесіне қысқаша тоқталып өтсек. Қожа Ахмет Яссауидің «Диуан-и хикмет» еңбегін ана тілімізге тұтастай тұңғыш аударушы Сыраш Битенов болып табылады. Өкінішке орай, аудармашы хикметтердің түсіндірме сөздігін бастағанымен аяқтап үлгермеді. Сыраш Битеновтің аударма еңбегіне берілген кіріспеде «1990 жылы Қожа Ахмет Яссауидің шағатай тілінде басылған жоғарыда аталған «Диуани хикмет» кітабын (Қазақ қаласы, Император университеті, 1896 жыл. 270 бет.) тұңғыш рет толығымен (148 хикмет) қазақ тіліне аударылды», - деп көрсетеді [3, 3 б.]. Сыраш Битенов көзі тірісінде еңбегінің жарық көргенін көре алмады. Көзі кеткеннен кейін 6 жылдан кейін «Жас Алаш» газеті («ЖА», «Диуани хикметті аударған кім?», 18 қыркүйек, 2001 жыл) аудармашының Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің төрағасы, белгілі жазушы Әбіш Кекілбаевқа жазға ашық хаты мен аудармашының еңбегі жөніндегі деректер жарияланады.

Еңбектің басқа да аудармашыларын атап өтсек, М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи аудармалары (Диуани Хикмет (Ақыл кітабы) Алматы: «Мұраттас», 1993 жыл.), Ә.Жәмішұлы (Хикметтер. Алматы: «Өнер», 1995 жыл.), Есенбай Дүйсенбайұлы (Хикметтер (Даналық кітабы). Алматы, 1998 жыл.), М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи (Хикмет жинақ. Алматы: «Жалын», 1998 жыл.), Ә.Ибатов, З.Жандарбек, А.Нұрманова (Хикметтер. Алматы: «Дайк-Пресс», 2000 жыл), Қуанышбек Қари, Ғалия Қамбарбекова бірлескен авторлықтағы еңбек (Қожа Ахмет иасауи. Диуани Хикмет. Тегеран: «Әл-Хұда» халықаралық баспасы, 2000 жыл).

Зерттеудің әдіс-тәсілдері

Философия ғылымында бұрыннан дәстүрлі түрде қалыптасқан әдістемелік принциптер – нақты тарихилық әдісі, диалектикалық, феноменологиялық талдау әдісі, жүйелік-құрылымдық және салыстырмалы әдіс, сондай-ақ Яссауидің «Диуан-и хикмет» еңбегін қарастыруда герменевтикалық тәсіл қолданылады.

Негізгі мәселе

Адам мәселесі философияның ғана емес барлық ғылым салаларының басты тақырыбы болып табылатындығын жақсы білеміз. Алайда, бұл тақырып жөнінде қалам тартып, сүбелі еңбек жазу кез келген зерттеушінің күші жете бермейтіні тағы да бар. Адам дегеніміз не? Жер бетіндегі тендессіз жаратылыс иесі адам екендігі рас па? Оның ерекшелігі неде? Адамның табиғаты қандай және оны тануға бола ма? Оның рухының тәуелсіздігін қалай анықтауға болады? Адам өмірінің мәні мен құндылығы неде? Міне, осы тәрізді көптеген сұрақтарға саналы адам ертелі кеш өзіне-өзі қояры хақ.

Бұл сұрақтарға әрқалай жауаптар қарастыруға болар еді. Біз христиандық философия шеңберіндегі мысалдармен қарастырып көрелік. Себебі, ислам дініндегі көзқарастар ағымы біздің дүниетанымымыз бен көзқарастарымызға өте жақын болғандықтан белгілі бір түсініктемелерді келтіруге әбден болады. Ал философия тарихындағы христиандық философияда креационистік көзқарас тұрғысында қарастырар болсақ, мистикалық көзқарастар қатарына жатқызсақ болады. Креационизм (лат. Creatio - жарату) – әлемнің тірі және өлі табиғаттың бірегей шығармашылық актіде жасалғандығы туралы идеалистік ағым. Қазіргі ғылымның деректері креационизмнің мүлдем дерексіздігін көрсетеді. Кең мағынасында, креационизм діни көзқарастар континуумын қамтиды. Биологиялық даму принциптерін айтпағанның өзінде, табиғат құбылыстарының шығу тегі мен дамуының ғылыми түсініктемелерін қабылдамайды. Креационизм қазіргі заманғы ғылыммен пікір таластыратын ойлау бағыты ретінде космогониялық мифтерге және діни-оқу жаттығулардың креационизміне (креационистік түсініктеріне) шығады. Креационизм – қазіргі заманғы ойлау бағытында қарастырылатын болса сенімге, әсіресе діни сенімге ерекше ден қойып қарастыратын ілім деп толық айта аламыз.

Өмір, тіршілік қайнар көздерінің пайда болу тегі проблемасы адамзатты ежелгі заманнан бері алаңдатып келе жатқан күрделі тақырыптың бірі. Біздің ғаламшарда тірі организмдердің қалай пайда болуы мүмкін екендігін түсіндіруге талпыныстарда көптеген болжамдар да жасалынғандығы тарих беттерінен баршамызға мәлім. Олардың кейбіреулерінің пайдасына белгілі бір ғылыми фактілер мен эксперименттердің нәтижелері дәлелденеді. Басқа гипотезалар, керісінше, жоққа шығарылды. Алайда, қазіргі уақытымызға дейін айтар болсақ жердегі тіршілік көзінің пайда болу уақытын мынадай еді деп толыққанды анық көрсету бұл қателік болар еді деп тұжырымдаймыз.

Адам, ең алдымен тірі табиғи тіршілік иесі. Оның басқа да жаратылғандардан ерекшелігі – барлық нәрсеге болсын икемділігі. Мәдени эволюциялық даму жолында биогенетикалық іздерді алып жүреді. Сондықтан кейбір философтар адамның өзін-өзі өзгертуге ұмтылу қабілетін көрсете отырып, адамның нақтылы бір белгіленген табиғатының болмайтындығына назар аудартады. Антропологиялық релятивизм бағытын қолдаушылар осындай көзқарасты келтіреді. Олар адамның табиғаты шексіз қайта құруларға бейім екендігін алға тарта келе, оның ішкі тұрақты ядросы белгілі бір адамның өзіне өзі анықтаған бағдарламасына сәйкес бөлініп, жойылып, бастапқы табиғи жаратылысынан алшақтап, өзгерістерге түсуі әбден мүмкін деп санайды. Сопылық философиясындағы адамның хәлін анықтамас бұрын біз ислам философиясының негіздеріне тоқталып өткеніміз жөн.

Қожа Ахмет Яссауидің сопылық философиясындағы адам мәселесін қарастырғанда ислам дініндегі және араб-мұсылман философиясындағы Алла мен адам арасындағы қарым-қатынас мәселесін айналып өтуге болмайды. Ислам теологтары мен философтары бұл мәселенің әртүрлі жақтарын анықтап келгендіктен, осыған байланысты орын алған пікірталастар о бастағы дәстүрлерге сүйенген. Себебі олардың мазмұнын анықтамасақ біз ғұлама ойшылдың адамға қатысты мәселесінің мәнін аша алмаймыз. Сондықтан біз, Яссауидің діни философиясы қалыптасқан мәдени ортадағы ілімдерге талдау жасағанды жөн санадық.

Ислам дініндегі Алла (Құдай) түсінігі оның алдындағы діни жүйелермен салыстырғанда дәйекті түрде жүргізіліп келе жатқан бірлік (таухид) идеясымен едәуір ерекшеленіп тұрады. Мұсылмандық реформатор Мұхаммед Шибли таухид діндердің әрқайсысына тән еді, алайда ол исламға дейін жеткілікті түрде бекітілген жоқ немесе көмескі түрде түсіндірілді деп есептейді.

Құдайдың Құрандағы тұжырымдамасы тұтастай Құдайдың Бірлігін, Жалғыздығын, бар екендігі мен Абсолютті Кемелдігін бекітуге қарай шоғырланған. А.В.Смирнов [4, 169 с.] пен Е.А.Фролова [5, 147 с.] қарапайым санамен бейнеленбейтін және елестетілмейтін мұндай Абсолютті Құдай ол туралы қандай да бір нәрсе айтуды жоққа шығарады. Расында да, мұсылман традиционалистері Құдайды, Ол (Құдай) Құран мен суннада қалай келтірілген болса солай сипаттауды жөн көрді.

Ислам теологиясы Әбу-Хурайрадан риуаят етілген «Құдайдың 99 есімі бар... осы 99 есімді білген адам жұмаққа барады» деген хадиске сүйене отырып, мұсылмандарға оның мәнін түсіндіретін Құдайдың атрибуттарының (ас-сифат) былайша айтқанда, түзілімін жасап шықты [6, 108 с.]. Мұндағы есімдердің бір бөлігі Құраннан, ал келесі бөлігі Пайғамбардың суннасынан алынды, ал кейбіреулері факихтардың келісімінің (иджма) нәтижесінде пайда болды. Оның үстіне есімдердің осы саны ресми түрде мойындалған болса, онда шын мәнінде олардың саны шамамен мың шақты болып келеді.

Құранның өзі Алланың әдемі есімдерін дұға ретінде келтірген, ғибадат еткен кездерде пайдалануға шақырады. Ал көптеген хадистерде олардың ішкі мазмұны жайында терең ойға берілудің адамның рухани кеңістігіне өте пайдалы екендігі жөнінде айтылады. Осындай үндеулерді айырықша түсіндірудің нәтижесінде сопылар ой сергектігі мен Алла Тағаланы қалбпен көру жағдайына зікір арқылы жету мүмкіндігіне ие болуды мақсат етеді.

Егер де мұсылмандардың Қасиетті кітабы Құранда Алланы айқындау үшін пайдаланылатын ұғымдарды талдайтын болсақ, онда өзіндік үш ерекшелікті бөліп көрсетуге болады. Біріншісі, бұл әрине жоғарыда атап көрсетілген «таухид»: (Алланың жолында) қаздай

тұратын, (Алланың пенделерін күнә жолдарынан) әрдайым тосатын, (Алланың сөздерін әрдайым) оқитын (Адамдар мен Періштелер құлшылық жасау үшін жаратылғандығына) ант-серт, шегі жоқ шүбәсіз, сендердің Тәңірлерің – жалғыз (37:4), «Сендердің Құдайларың – бір Құдай. Сол мейірімді және рахымды Құдайдан басқа ешқандай Құдай жоқ (2:163), «Маған Тәңірлерің жалғыз Алланың өзі екендігі уахи етілуде (41:6)», «(Ей, Мұхамед) «Ол-Алла-Бір» деп айтыңыз» (112:1). Бұл келтірілген тұжырымдарға мән беріп қарасак, «күмәнсіз» ол – тек Жаратушы ғана екендігін аңғарамыз. Түсіндірме берушілер, осы Жалғыздықтың мәнін, бүкіл әлемнің болмыс бітімінен үздіксіз жалғасын тауып келе жатқан даму үстінде екендігін бақылап, байқау арқылы да түсіндіруге болады деп қарастырады [7,108 б.].

Көңіл қоярлық тағы да бір маңызды ерекшелік – бұл Алланың Мейірімді және Шапағатты ретіндегі сипаттамасы. 114 сүренің тоғыздан бірі ғана «Бисмилләһи-р-Рахманир-р-Рахим» формуласымен басталмайды, мұның өзі өзінің алдындағы сүрелермен алдын ала бірігіп тұрғандықтан және де онымен қосылып біртұтас сүрені құрайтындығы себебінен болған.

Сократ «ізгілік – басты құндылық» деген пікірді ұстанады. Ешқандай сыртқы себеп адамды ізгіліктен айыра алмайды. Сократ бұл дүниелік материалдық қажеттіліктер мен байлықты елең еткен де жоқ. Ол рухани дүниеге қатты қызықты. Адамның рухани әлемі Сократ үшін үлкен жұмбақ болды. Данышпандылығымен танымал болған Сократ өзін надан адаммын деп санады; ол «ештеңе білмейтінін білгендіктен» ғана басқалардан ақылдырақ болды. Бірақ Сократ білім іздеу басқа нәрсенің бәрінен әлдеқайда маңыздырақ және білім жинау жолы арқылы ғана адам ізгі және қайырымды бола алады деп есептеді. Ол сұрақ және жауап әдісін (бұл «диалектика» деген атаумен белгілі) қолдана отырып, жаңа білім іздеді. Сократ еске түсіру арқылы танымды қалыптастыруға үйретті. Бұл ілім бойынша, біз өлмейтін жанымыздың бұрынғы өмірінде игергендерін есімізге түсіру арқылы білім жинаймыз [8,18 б.]. Ежелгі данышпандардың қай қайсысын қарастырып салыстырсақ та адамның табиғи қажеттіліктері өтелмейінше бұл дүниеде жаны тыныштық таппайтындығын меңзегендей. Сократ та Яссауи секілді ғылыми жаңалықтарға қарағанда этикалық мәселелерге көбірек қызықты. Бұл тек қызығушылық емес еді. Сократтың көзқарасы бойынша, ізгілік дегеніміз, ол – білім.

Алланың әлемді жарату процесі Құрандағы ерекше «әл-ибда» және «әл-халқ» ұғымдарымен сипатталады. Л.Гардет олардың біріншісі жалпылама әлемді жаратуға қатысты қолданса, екіншісі – тікелей адамды жаратуға қатысты қолданылады деп есептейді. Бұл бөлу Алланың болмыстың екі жағына қатынасындағы ерекшелікті білдіреді.

Құранда жаратылу процесі иудейлік-христиандық дәстүрден елеулі түрде ерекшелінбейді. Онда бұл процесс аз дәлдікпен әрі айқындылықпен берілген. Осы сәттің үзінділерін Құранның барлық жерінде кездестіруге болады: «Расында, біз көктер мен жерді және олардың арасындағы барлық нәрсені алты күнде жараттық және Бізді ешқандай шаршау басқан жоқ» (50:38) – Әлемнің жаратылу мерзімі Құранда міне осылайша шектеледі. Бұдан басқа, Құранда, жаратылу процесінің өзге де көптеген нақты бөліктерін табуға болады. Алайда жер мен көктің пайда болуының тізбектеп құрылған тұжырымдамасы Құранда жоқ. Мүмкін алдыңғы діни жүйелерде бұл ұсақ-түйек нақтылықтардың бәрі дерлік айқын түрде көрсетілгендіктен де шығар, мұнда олар туралы егжей-тегжейлі айтып түсіндірудің қажеттілігі де болмаған болуы мүмкін.

Құранның бүкіл өн бойындағы Алланың Адам Атадан бастап соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.с.) дейінгі елшілеріне пайғамбарлықты жіберу тарихынан үзінділер келіп отырады. Кейінірек Қасиетті Кітаптың бұл ерекшелігі, мұсылман әдебиетінің «Пайғамбарлар тарихы» деп аталатын өте әйгілі бір жанрына айналды. Мұнда Алла тағаланың барлық елшілерінің өмірбаяндары мен олардың адамдарды дұрыс жолға шақырған үндеу-насихаттары, қауым мүшелерінің сенімсіздік танытулары мен дұшпандық әрекеттері баяндалған. Ал осындай қарсылықтың нәтижесі дінсіздердің (күмән келтірушілер) жоқ болуы мен иман келтіргендердің құтқарылуы болды.

Мұндағы ең басты нәрсе – зейінді адамды жаратудағы мақсатқа аудару маңызды. Құранда Ғарыштың, Күннің, Ай мен Жердің, сондай-ақ ондағы барлық нәрселердің тек адам үшін қызмет ететіндігі жөніндегі тұжырымдама кездеседі (2.:22, 29; 6:96-97; 14-32; 16:5 – 16, 80-81). Кейбір зерттеушілер мұнда антропоцентризм идеясы расталып тұр деп есептейді. Дегенмен де Әлем мен Адамды Алла тағаланың жаратқанын басшылыққа алатын болсақ, мұнда адам әлемнің қазығы болып табылмайды, Алланың сүйген құлы болып келеді. Себебі ислам дінінде, адам – Алла тағаланың құлы, ол пенде ретінде қарастырылады. Осыншама нәрсенің арқасында Алланы тануы арқылы адамға ілім үйрену міндеті жүктелген. Бұл теоцентризм идеясын қуаттай түседі. Құранда жаратылу Құдайдың еркімен былайша түсіндіріледі: «Алла айтты: «Солай, Алла өзі қалаған нәрсені жаратады. Қай кезде де бір істі қаласа оған «Бол!» дейді. Сонда іс болады» (3:47). Бұл жерден біз Құдай – Әлем – Адам контекстіндегі болмысты аңғарамыз. Адамның көкірек көзімен ғана сезіну дәрежесінің биіктігін аңғартқандай мистикалық байланыстар тізбегі.

Егер мәтінге зейін қойып тереңіне үңілер болсақ, онда адамның жердегі өмірінің мәні жұмаққа, яғни бір кездері өзі қуылған орынға бару. Жұмаққа тек Пайғамбарлар арқылы берілшен Құдай ілімімен жүру арқылы ғана жетуге болады. Шын мәнісінде адам өмірінің шынайы мақсаты – жоғалтып алған екі дүние іліміне қайтадан қол жеткізу болып шығады.

Дәстүрлі ислам Алла тағала тұжырымдамасын теизм формасында игерді. Мұнда Жаратушы рационалдыктан тыс жатқан мәнділік ретінде қарастырылады. Оның Рахымына шариғат заңдылықтарын игеру арқылы мен мүлтіксіз орындау арқылы ғана бөленуге болады. Бұл жерде адамның ролі Құдайдың жердегі орынбасары ретінде түсіндірілмей, оның қатал да, жазалаушы Алланың алдындағы дәрменсіздігі мен әлсіздігіне қарай ойысты. Егер де Құдай мен адам қарым-қатынасын түсіндірудегі осы тектес шектеулердің себептеріне үңілер болсақ, онда осылайша баяндау әлеуметтік тұрғыдан ұйымдасудың қажеттіліктерінен келіп туындайтынын логикалық тұрғыдан пайымдаған абзал «Социум үшін маңыздырағы – әлеуметтік байланыстардың әлсіреуіне жол бермеу үшін, адамдарды бос уақыттарында сөйлесіп тұруларына итермелеу болып табылады. Әрине мұнда да социум «әрекет» етпейді. Онда бос уақыттың институционалды әлеуметтенуі үшін, соның ішінде эстетикалық, этикалық және діни амалдар арқылы қолайлы жағдай қалыптасты. Демек, социум да, адамдар да діни көзқарастар мен жүріс-тұрыс нормаларын ойлап тапқан жоқ. Олар өткеннің терең тұңғыығынан келіп жетті, қоғамның әлеуметтену мүддесі үшін «әлеуметтік» табиғи сұрыпталу оларды «қағып» алды және де (олар) қазіргі жағдайға дейін өсіп-өніп күрделене түсті...» [9, 68 б.]. Құдай – Әлем байланысын түсіндіруінде теизмнің дұрыс жақтарымен қатар (қоғамдық топтастыруы мен өнегелілікті нығайтуында) қарама-қайшы тұстары да көп емес. Осыған байланысты орта ғасырлардағы мұсылман философтары мен ғұламаларының бұл мәселеге қатысты өзгеше көзқарастары болғандығы белгілі.

Құранның өзі Алланың мәнін, оның сипаттарын, әлем мен адамның жаратылуын түсіндіруден бастап оның көптеген қағидалары оны оқығанға байланысты ойлау рефлексияларының болуына қарай есептеліп берілген. Құран мәтіндерінің көпмағыналылығына байланысты, философиялық және теологиялық ойдың әртүрлі ағымдарында Алланың мәні проблемасын шешудің, әлемді жарату мәселесіндегі айтылмай кеткендерді айтып түсіндірудің өзіндік, жеке-дара талпыныстары болды. Осы пайымдаулардың бәрі дерлік, соңында адамның Ғарыштағы мәнін түсіндіру үшін қажет болды.

Ориенталистикада мұсылмандық философиялық ойды шартты түрде калам, фәлсафа және суфизм деп үш бағытқа бөлу қалыптасқан. Мұны зерттеушілер, әсіресе Тауфик Ибрагим мен Артур Сагадеев, кейбір ағымдар көптеген мәселелерді шешуде олардың бір-бірімен жиі түрде сәйкес келіп жататын тұстары бар. Перипатетик Ибн Туфейльдің көзқарастарының кейбір тұстарының сопылардыкімен сәйкес келіп жататындығын байқауға болады. Осының арқасында өзімізді қызықтырған проблемалар бойынша пікірлердің сан алуан түрлілігін жеткілікті дәрежеде айқын көруге болады.

Құдай проблемасына қатысты терең, әрі жүйелі түрде тізбектеліп құрылған көзқарастар калам өкілдеріне тиесілі. Ашарилердің (әсіресе мутазилиттердің) көзқарастарын талдай келе Т.Ибрагим, мутакаллимдердің көзқарастары жүйесінің философиялық тұрғыдан едәуір дәрежеде дамығандығын атап көрсетеді. құдайды иррационалды, әрі түсіндірілмейтін етіп көрсеткен теистік түсіндірменің үстемдігін ол қоғамдық ойдың дамуының төмен сатысы ретінде түсіндірсе, келесі кезеңді ол – «Құдайдағы рационалистік принцип үстемдік ете бастаған кезең» деп сипаттайды [10, 61 с.].

Мутакаллимдердің философиялық пантеизмінде «Құдай» бірлік пен тұтастықта алынған әлемді білдіреді. Міне, осылайша Құдай бүтіннің өзінің бөліктерінен ажырамайтындығы секілді ғарыштан ажырағысыз деген түсінікке саяды. Ол – табиғаттың заңдылығы және де осындай сапасында соған имманетті. Араб-мұсылман философиясындағы пантеизмнің осы формасының өкілдері мутакаллимдер, әсіресе жахмиттер, мутазилиттер, философ-перипатетиктер, кейбір философтар – сопылар (Ибн Араби) мен ишракиллер (Сухраварди) болды.

Философиялық пантеизмде Құдай әлемге имманетті ғана емес, сонымен қатар міндетті түрде оған трансцендентті де болып табылады. Бұл принципіалды түрдегі, өзгеше философиялық сипаттағы трансценденттілік – яғни бүтіннің өзінің бөліктері мен қасиеттеріне; өзінің бірлігі мен тұтастығында алып қарастырылған әлемнің – көптік ретіндегі әлемге, ақылмен танылатын, кездейсоқ жекелеген заттардың жиынтығы ретіндегі әлемнің – құбылысты (феноменалды), эмпирикалық әлемге, кеңістіктік және уақыттық байланыстардан абстракцияланған «метафизикалық» әлемнің – кеңістік пен уақытта шашырай орналасуы көзқарасы тұрғысынан алып қарастырылатын «физикалық» әлемге трансцендентті, - деп көрсетеді Д.Ибрагим [11, 146 с.]. Алланың мәні, мутазилиттердің пікірі бойынша, ыдырау мен бөлінуге, жол бермейтін қайталанбас, ғажайып тұтастық пен кемелденген қарапайымдылық болып табылады. Себебі қарапайымдылық пен бөлінбейтіндікті, яғни белгісіздікті хабарлайды.

Құранда бекітілген мұсылмандық дәстүрге сәйкес, мутакаллимдер Алла ұғымының бөлінбейтіндігін, оның атрибуттарының көптігімен сәйкестендіруге тырысты. Олар Құдайдың атрибуттарын бір-бірімен де және Құдай мәнділігімен де теңдестірудің шешімін тапты. атрибуттардың бірегейлігі, әсіресе Ерік пен Құдіреттіліктің іліммен сәйкестігін білдірді. Осыдан келіп, Құдайылық иррационалды бастама рационалдылыққа бағындырылды. Міне, осылайша жаратылған әлем аса жетілген күйінде жаратылған. Себебі егер де Оның ілімінде, Оның мүмкіндіктерінде Оның жаратқан тәртібіне, құрылысы мен игілігіне қатысты одан да зор, одан да жетілген бір нәрсе болған болса, онда Ол мұны істеген болар еді деп жарияланды. Мұнда тікелей әлемнің жаратылу проблемасына өте отырып, мутакаллимдердің пантеизмі креационизм теориясынан келіп шыққандығын ескеруіміз қажет.

Мутазилиттердің жаратылу проблемасын түсіндіруінің теологияның немесе перипатетизмнің шеңберінде қалыптасқан түсініктерден бірқатар принципіалды айырмашылықтары бар. Каламшылар, әйтсе де, Құранда Құдайдың өз қалауы бойынша «Бол!» (16:40) деп қана кез-келген затты жарату қабілеті жарияланса да, шын мәнінде Ол табиғат заңдылығының шеңберінен тыс жатқанды істемейді деп тұжырымдайды.

Әлемді Құдай оған дейін де болған уақыт ішінде жаратылған, және де сол уақыт ішінде соңына жетіп жоқ болады дейтін традиционалистерге қарағанда мутакаллимдер жаратылу сәтін метафизикалық тұрғыдан түсіндіреді – уақыт әлеммен бірге жаратылған дейді олар.

Яғни олар бойынша құдай үшін әлемнің жаратылуы уақыттық процесс емес, өздігінен өзі бар болмыстық қажеттілік (Жаратушы) пен болмыстық мүмкіндіктің (жаратылған әлем) арасындағы метафизикалық қатынас. Сонымен бірге Матурудидің логикасына сәйкес әлем уақытта шектелмеуі тиіс, себебі аса шебер болып табылатын Құдай, аса шеберлікпен әрі аса жетілдірілген түрде жасағанын жоқ етіп жібермейді [9, 61 с.]. Мутазилиттердің Басра мектебінің көрнекті өкілі ан-Наззам жаратылу сәтін метафизикалық тұрғыдан былайша түсіндіреді: Құдай үшін, Жаратылу сәті алдымен бірінші, кейін екіншісі, одан кейін үшіншісі

жаратылатыр процесс болып табылмайды. Тек адамдарға ғана уақыт туралы түсінік бар. Ал Құдай үшін өткен шақ, осы шақ және келер жақ деген түсініктер жоқ және болмайды да.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі дерлік Алла мен жаратылыс проблемасының мутазилиттік түсіндірмесіне жатады. Мұсылман ойының осы бағыты үстемдік етуші бағыт ретінде көп тұрмады да, оның орнына ашариттік калам келді. Бұдан бұрын ғылымда бұл ағымға мутазилиetterдің көптеген жетістіктерін бұрмалаған рекцияшыл ағым ретінде қарап келді. Ал каламды зерттеуші Т.Ибрагим болса, бұл көзқарас шындыққа сәйкес келмейді дейді. Ол ашаризм дұрыс түсіндірілмеген бірқатар себептерді тізіп береді. Біріншіден, соңғы калам өкілдері өздерінің беделдерін асыру мақсатында осы ағымға өздерінен бұрын өткен тура жолдағы дін ілімі өкілдері – салафтарды жатқызды. Екіншіден, мутакаллимдер ашариттік калам мұсылман ортодоксиясының соңын білдіреді деді. Бұдан басқа ашариттік атомизм ұзақ уақыт бойы әлемдегі себептік байланыстарды теріске шығару деп түсіндірілді. Себебі мутакаллимдер әлем мен әрбір дене бөлінбейтін ұсақ бөлшектер – «джавахарлардан» тұрады, ал Құдай осы субстанцияларды үздіксіз жаратып отырады, барлық атомдар біркелкі және де олар қандай да болсын қасиетке – потенцияға ие емес, заттар да тұрақты қасиеттерге ие бола алмайды, соңғыларын Құдай қайта-қайта жаратып отырады деп тұжырымдады. Алайда әлемді екі деңгейде – метафизикалық және физикалық деңгейде қарастыру бұл қарама-қайшылықты толық жояды да, әлемде себептік-салдарлық байланыстардың жоқ екендігін білдірмейді. Одан кейін ашариттер Алланың атрибуттарын Оның мәні де емес, алайда сонымен бірге одан өзгеше ештеме де емес деп есептей отырып Алланың атрибуттарына басқаша көзқараспен қарады.

Мутакаллимдердің мутазилиттік кезеңіндегі көптеген идеялары шығыс перипатетизм (фәлсафа) бағытының идеяларымен сәйкес келіп жатты. Алайда, соңғыларының өкілдерінің алдарына Құран сүрелерін өздерінің ой шабыттарына сәйкестендірудің міндетін қойған жоқ. Олар толықтай рационалдық – логикалық рефлексияларға беріле отырып, сонымен бірге, ең бастысы мұсылман болып қала берді.

Перипатетиктер әлемдегі бар нәрсенің бәрін бір-бірімен онтологиялық тұрғыдан байланысты екі бөлікке бөлді. Бірінші және ең басты деп олар философия тілінде қасиетті мән деп атаған Алланы айтса, ал екінші деп – болуы мүмкін бар нәрсе – әлемді айтты.

Философ перипатетиктердің әрбірі Алла жайлы айта келіп, кейбір түрлендірулермен мыналарды қайталады: Қажетті Мән шынайы болмыс, Ол уақытша емес, мәңгі, Оның көптігі жоқ, Оның бар болуы кемелденген. Ол себептерден – материядан, формада, уақыттан, қозғалыстан, уақыттан ада ең жетілген барлық. Ол Дана, Тірі, Құдіретті және ерікке ие. Ол сұлулықтың, кеменгерліктің ең жоғары дәрежесіне ие. Егер де Аристотельде Құдай алғашқы түрткі, Алғашқы қозғаушы күш қызметін атқарса, шығыс перипатетизмі оны болмыс себебі ретінде түсіндірді.

Алланың атрибуттарының ішінде философтар Зейінді, Ерік, Өмір, Білім, Құдіреттілік, Игілік, Жомарттық, Сұлулық, Махаббат, Даналық секілді атрибуттарға аударды.

Перипатетиктердегі жаратылу процесі эманацияны, яғни Құдайдан интеллектінің – ақыл-парасаттың тууын білдіреді. Бастапқыдағы біртұтас ақыл-парасат өзін де бастапқыны да біледі. Одан әрі қарай алғашқы парасатта көптік пайда болады, ал ол, өз кезегінде сфералар (оған тән материямен және формамен) мен жандардың пайда болуының себебі болып табылатын төмен қарай кете беретін ақылды туғызды. Пайда болған ақылдың ең соңғысы бір жағынан жердегі жанның өмір сүруінің себебі болса, екінші жағынан – сфералардың дәнекерлігі арқылы төрт элементтің – оттың, ауаның, судың және топырақтың пайда болуының себебі ретінде қызмет етті. Олардан өсімдіктік, жануарлық және ақылды жануарды қабылдауға ыңғайластырылған белгілі бір пропорциялардағы алуан түрлі қоспалар пайда болды. Өзге де тірі жандардан адам баласы жан мен ақылдың бірлігімен ерекшеленеді. Ақыл-парасат практикалық және ой қорыту болып екі құрамдас бөліктен тұрады. Біріншісінің арқасында адам жүзеге асуы тиіс әрекеттер жайлы қорытынды жасайды, екіншісінің арқасында жан субстанциясы кемелдікке жетіп, актуалды түрде парасатты субстанцияға

айналады. Жан субстанциясы – бұл шын мәніндегі адам және ол мәңгі. Физикалық өлімнен кейін нақ сол жан жердегі жасағандары үшін жан рахатына немесе азабына бөленеді.

Алайда философтар ақиқатты соңына дейін таныған адамдар болып танылмайды. Әр Киндиден кейін «Таза ағайындар» ақиқатқа жеке дара күш-жігермен емес, даналардың бүкіл адамзат тарихының өн бойында жұмсаған күш-жігерінің арқасында жетуге болады деп есептейді. Осылайша «Таза ағайындар» мұсылман философиясындағы тарих философиясының тұжырымдамасын жасауға тырысты.

Құдайға, әлем мен адамға қатысты көзқарастары осы еңбектің соңғы тарауында келтірілген соңғы философиялық ағым суфизм, яғни сопылық болып табылады. Қожа Ахмет Яссауидің «Диуан-и хикмет» еңбегі барша мұсылмандар арасында әйгілі еңбек. Бізді қызықтырып отырған мәселелерді философиялық-мистикалық ой елегінен өткізу осы Қожа Ахмет Яссауиге тиесілі деп толық айтсақ болады.

Алла тағаланың эпистемологиялық белгісіздігі жайында айта келе, Ахмет Яссауи Құдай туралы, Оның онтологиялық шексіздігін бұзбайтын пікірлерді келтіреді. Міне, сондықтан да ол Құдай мен әлемді анықтауда барынша күрделі ұғымдарды енгізеді. Құдай мен әлемнің біртұтас екендігі туралы түсінік тұрғысынан, әлем Құдайда бар мүмкіндіктердің бейнесі ғана болып табылады. Құдай мен Әлем арасындағы ара қатынасты Ахмет Яссауи хикметтері арқылы бейнелейді.

Бүкіл әлем бүгілген күйінде Абсолютте мәңгі болады, тек Алла тағаланың еркімен уақыт пен кеңістікте жойылады. Сонда да болса оның бүгілген мәнінде мән бар. Алланың адамды жарата отырып көздеген мақсаты, оның (әлемнің) адамның қажеттіліктерін мейлінше көбірек қанағаттандыруы болды. Ал адамның өзінде Құдайлық элементтер де, хайуани элементтер де үйлескен немесе жинақталған.

Мәнісі бойынша Алла мен оның жаратқан әлемінің арасындағы өзара қатынастың мәнін түрліше түсінетін ислам шеңберіндегі дәстүршілдік пен философиялық бағыттар қалай да Құранға барып тірелетін адам туралы түсініктердің дамуының екі моделін ұсынды. Біріншісі бойынша адам – бұл толықтай иррационалды Алланың еркіне тәуелді дәрменсіз жан. Оның басты міндеті – сенімді ақтау мен мойынсұну және сондай-ақ әлеуметтік-этикалық салада тек рұқсат етілгендерді ғана орындау. Осы модельді әлеуметтік- тарихи көзқарас тұрғысынан қарастыра келіп, мұндай түсіндірудің мақсаты – нормативті мінез-құлық, жүріс-тұрыс екендігін аңғаруға болады. Екіншіден, кейбір білімі терең емес көпшілік «амма» үшін (абстрактылы ойлау қабілетіне ие емес), социум теизм қағидаларына негізделген Құдай мен әлемнің өзара қарым-қатынасының өзіндік тұжырымдамасын жасап шықты.

Қорыта айтар болсақ, өз кезегінде ойшылдардың философиялық пантеизмі ортағасырлық ислам әлемінің барлық жетістіктерін ғана емес, сонымен бірге қазіргі замандағы ислам аймақтарындағы діни тұрғыдан қайта түлеудің философиясын дамытқан негізге айналып отыр. Шын мәнінде пантеизм тұжырымдамасын жасаған мұсылман философиясы жалпылама алғанда Ғарыш заңдары мен адам өмірінің үйлесімділігін іздеуге қарай бағытталды. Себебі Құдайдың дүниені жаратуының мақсаты – адам өз болмысының ақиқатын және де сонымен бірге өз бақытын да табуы тиіс. Мұнда адам өзіне лайықты Құдайдың жердегі орынбасары (халифа) ретіндегі парызын атқаруға тиісті антропоцентризм абсолютті болып табылмайды. Ол Біліммен (Іліммен) шектеледі. Яссауи еңбектерінің басты тақырыбы – діни білім философиясы деп айтуымызға әбден болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ (REFERENCES):

1. Жұбатова Б. «Диуани хикмет» тіліндегі араб және парсы сөздері қолданылуының кейбір ерекшеліктері. // «Қожа Ахмет Ясауи мұралары мен ілімінің зерттелу мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Түркістан, 15-16 қараша, 2008. – 249 б.
2. Түркі халықтарының әдебиетінде хикмет жанрының қалыптасуы // «Қожа Ахмет Ясауи мұралары мен ілімінің зерттелу мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Түркістан, 15-16 қараша, 2008. – 249 б.
3. Қожа Ахмет Иассауи. Диуани хикмет (Даналық жолы). Аударған С.Битенов. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2004. – 196 б.
4. Смирнов А.В. Философия Николая Кузанского и Ибн Араби: два типа рационализации мистицизма // Бог – человек – общество в традиционных культурах Востока. – М.: Восточная литература, 1993.
5. Фролова Е.А. Человек – Мир – Бог в средневековой исламской культуре // Бог – человек – общество в традиционных культурах Востока. – М.: Восточная литература, 1993.
Туркменистан, несмотря на меньшие объёмы торговли с Россией, обладает потенциалом для укрепления экономического сотрудничества. Страна представляет интерес как перспективный рынок для российской продукции, технологий и образовательных программ в области подготовки кадров. Экономический рост Туркменистана в последние десятилетия сопровождался трудностями, вызванными падением цен на энергоносители в 2008 и 2014–2016 годах, что привело к приостановке ряда крупных инвестиционных инициатив. Несмотря на это, Ашхабад развивает добывающую промышленность и вкладывает ресурсы в переработку минерального сырья на своей территории. На побережье Каспийского моря создаётся газохимический кластер, который ориентирован на потребности крупных рынков вроде Китая и Индии.

Транспортная инфраструктура региона остаётся важным элементом интеграции. Удобное географическое расположение Каспия делает его центром для соединения транспортных коридоров север-юг и восток-запад. Исторически регион был узлом для торговых путей: Лазуритовый путь, Великий Шёлковый путь и Волжский торговый маршрут, по которым перевозились товары, распространялись передовые технологии и обменивались идеи.

На втором Каспийском саммите обсуждалась идея универсальной платформы, способной объединить усилия стран в следующих направлениях: энергетика, транспорт, торговля, финансы и экология. Предложение было вдохновлено успешным опытом Организации черноморского экономического сотрудничества. В 2008 году в Астрахани состоялась конференция на уровне вице-премьеров прикаспийских государств, где представители России и Ирана выдвинули инициативу обратиться к лидерам стран региона с предложением о создании ОКЭС. Предполагалось, что структура включала бы Центр исследований биоресурсов Каспийского моря, Центр каспийских политических и экономических исследований и Каспийский банк развития, предназначенный для поддержки совместных проектов.

Положительный импульс для развития многостороннего экономического взаимодействия в Каспийском регионе был заложен на четвёртом Каспийском саммите. Президенты стран-участниц выделили важность расширения сотрудничества в производственной сфере, улучшения транзитных возможностей и повышения инвестиционной привлекательности региона.

В ходе саммита первый президент Казахстана Нурсултан Назарбаев предложил создать зону свободной торговли, что получило поддержку со стороны других участников. Тем не менее, конкретные шаги по реализации данной идеи пока отсутствуют. Анализ показывает, что в перспективе проект способен укрепить экономическую интеграцию, но потребует гармонизации торговых и политических режимов. В частности, необходимо будет учесть особенности ЕАЭС, зоны свободной торговли СНГ и преференциальных соглашений с Ираном.

Наиболее практичной инициативой стала идея президента Туркменистана Гурбангулы Бердымухамедова, предложившего заключить пятистороннее соглашение о торгово-экономическом сотрудничестве. В марте 2015 года Туркменистан представил проект документа, где были указаны основные направления и формы взаимодействия.

После четырёх раундов переговоров (в 2017–2018 годах) стороны достигли согласованного текста. Соглашение предусматривало создание Каспийского экономического форума (КЭФ) — универсальной платформы для обмена опытом, организации конференций и выставок. Стороны договорились проводить ежегодные встречи министров экономики.

Документ был подписан в ходе пятого Каспийского саммита в присутствии глав государств. В нём зафиксированы приоритетные направления сотрудничества, включая промышленность, сельское хозяйство, туризм, цифровую экономику и развитие специальных экономических зон.

Регулярные встречи министров транспорта стран региона важны в координации усилий. С 2009 по 2019 год состоялось четыре заседания, на которых обсуждались модернизация инфраструктуры, гармонизация законодательства и устранение административных и таможенных барьеров. Ещё одним механизмом взаимодействия стали консультации портовых администраций, проводимые раз в два года.

Встречи позволяют обсуждать вопросы обслуживания судов, обмен логистической информацией и обеспечение безопасности мореплавания. Последнее мероприятие в данном формате прошло в 2018 году в Актау. Для усиления эффективности российских портов на Каспии в 2017 году была разработана стратегия их развития. Основные направления включают увеличение грузооборота, создание транзитного хаба и строительство глубокой гавани у Каспия («Порт Петровск»).

В заключении хотелось бы отметить, что экономическое и транспортное сотрудничество стран «Каспийской пятёрки» представляет собой важное направление регионального взаимодействия, способное укрепить экономический потенциал государств, прилегающих к Каспийскому морю. Совместные проекты, направленные на развитие транспортной инфраструктуры и повышение взаимной интеграции, закладывают основу для создания эффективных логистических коридоров, повышения товарооборота и усиления геоэкономических позиций региона на евразийском пространстве.

Одним из главных аспектов транспортного взаимодействия стало развитие международных транспортных коридоров: «Север – Юг», Транскаспийский маршрут и проект «Ляпис-лазурь». Данные инициативы направлены на обеспечение связей между Европой и Азией, диверсификацию маршрутов поставки грузов и на привлечение новых транзитных потоков через территорию прикаспийских государств. В рамках проектов страны «пятёрки» развивают портовую инфраструктуру, модернизируют железнодорожные и автомобильные маршруты, внедряют мультимодальные логистические решения.

В рамках проектов страны «пятёрки» развивают портовую инфраструктуру, модернизируют железнодорожные и автомобильные маршруты, внедряют мультимодальные логистические решения.

Важное место в транспортном сотрудничестве занимает Иран с его портовой сетью и проектами, ориентированными на транзит грузов из Южной Азии в Европу. Туркменистан, в свою очередь, усиливает свои позиции благодаря реконструкции международного порта Туркменбаши и участию в мультимодальных проектах. Казахстан и Азербайджан выделяются своей развитой портовой инфраструктурой и железнодорожными коридорами, тогда как Россия стремится укрепить позицию в регионе через развитие собственных портов Астрахань и Махачкала и строительство новых транспортных хабов. Экономическое взаимодействие стран региона направлено на создание благоприятных условий для торгово-экономического сотрудничества, гармонизацию законодательств, снижение административных и тарифных барьеров. Каспийский экономический форум и регулярные встречи министров транспорта, способствует созданию механизмов координации и выработке единой стратегии действий. Интеграционные процессы в рамках «пятёрки» включают развитие транспортных и торговых связей, создание совместных производственных мощностей, координацию усилий в области

энергетики, сельского хозяйства и туризма. Таким образом, принятые многосторонние соглашения и документы говорят о стремлении укрепить экономические позиции, оптимизировать транспортные потоки и повысить инвестиционную привлекательность региона.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Гасанов А.М. Политика национального развития и безопасности Азербайджанской Республики. Баку: Zərdabi LTD, 2014. С. 165
2. Качалова А.В. Перспективы пятистороннего сотрудничества прикаспийских государств экономической сфере // Проблемы постсоветского пространства. 2019. 6 т.; № 2. С. 165.
3. Козлов В. Астрахань созрела [Электронный ресурс] // Эксперт-online. 2009. URL: <http://expert.ru/south/2009/34/razvitie> (дата обращения: 26.12.2024).
4. Соглашение между правительствами прикаспийских государств о торгово-экономическом сотрудничестве [Электронный ресурс] // Официальный сайт Министерства иностранных дел Российской Федерации. URL: https://www.mid.ru/ru/foreign_policy/mnogostoronnie-struktury-i-forumy/vzaimodeystvie_v_regione_kaspiyskogo_morya/1574917/ (дата обращения: 26.12.2024).

DOI 10.24412/3007-8946-2025-31-89-96

САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ – ЕЛ ЕГЕНМЕНДІГІНІҢ НЕГІЗІ

СЕЙТҚАДЫР ОЛЖАС БОЛАТУЛЫ

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Философия және саясаттану факультеті, Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының 2 – курс магистранты
Алматы, Қазақстан

Аннотация: Бұл мақалада Қазақстанның саяси тұрақтылығын сақтаудың негізгі факторлары, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және этносаралық келісім мәселелері қарастырылған. Қазақстанның әлеуметтік әл-ауқатын үнемі жақсарту мақсатында қабылданып жатқан мемлекеттік шешімдер мен реформалар, әсіресе экономиканы әртараптандыру және халықтың өмір сүру деңгейін көтеру саласындағы шаралар талданады. Сонымен қатар, этносаралық қарым-қатынастардың тұрақтылығын сақтаудың маңыздылығы, Қазақстанның көпұлтты қоғамында бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін жүргізілетін саясаттың рөлі көрсетіледі. Қазақстан халқының әлеуметтік тұрақтылығы мен ұлттық келісімін қамтамасыз етуде мемлекеттік органдардың ақпараттық саясаты, халықпен ашық және уақытылы коммуникация орнату қажеттілігі айқындалады. Мақалада, сондай-ақ, еліміздегі ұлтшылдық пен этносаралық бөлінушіліктің қоғамдағы ықтимал теріс әсерлері мен олардың саяси тұрақтылыққа төндіретін қауіп-қатерлері қарастырылып, болашақта оларды жою үшін қажетті шаралар ұсынылады.

Кілт сөздер: Саясат, тәуелсіздік, Саяси тұрақтылық, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық саясаты, Жаһандық дағдарыстар, Экономиканы әртараптандыру, Этносаралық келісім, Мемлекеттік басқару.

Қазақстан Республикасы Орталық Азияның неғұрлым тұрақты және серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірі болып табылады. Қазақстандағы ішкі саяси жағдай, сондай-ақ оның басшылығы жүргізетін сыртқы саяси бағыт, геосаяси қауіпсіздігін талдауда маңызды орын алады. Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйесінің жай-күйі мемлекетіміздің тұрақтылығы мен дамуына айтарлықтай әсер етеді, бұл посткеңестік кезеңде оның саяси жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктерін зерттеудің өзектілігін анықтайды. Осы жүйенің тұрақтылығы мен өзгеру динамикасын бағалау және одан әрі эволюция перспективаларын анықтау, аймақтық қауіпсіздік контекстіндегі ғылыми зерттеулер мен саяси болжамдар үшін маңызды бағыттарды білдіреді.

Қазіргі уақытта әлеуметтік тұрақтылықты сақтау міндеттеріне ерекше назар аударылуда, өйткені теріс экономикалық тенденциялар әлеуметтік саланың көрсеткіштерін бақылауды күшейтуді талап етеді. Қазақстан Президенті өзінің халыққа Жолдауында "қазақстандықтардың әлеуметтік әл-ауқатын үнемі жақсарту"[1] деген басым мақсатты нақты атап өтті. Бұл мақсат экономикалық дамуды қолдайтын тиімді әлеуметтік саясатты іске асыруға ұмтылатын мемлекет үшін негізгі бағдар болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі аспектілерінің бірі Қазақстанда өмірдің жоғары стандартын қамтамасыз ету болуы тиіс. Бұл стандарт ЖІӨ-мен Еуропалық даму деңгейіне қол жеткізуді, қолжетімді және сапалы денсаулық сақтауды, озық білім беруді, қала мен ауыл арасындағы өмір сүру деңгейіндегі айырмашылықтарды азайтуды, сондай-ақ ел азаматтарының лайықты өмір сүруін қамтамасыз ету үшін басқа да жағдайлар жасауды көздейді. Қазақстанның саяси тұрақтылығына әсер ететін маңызды факторлардың бірі әлеуметтік және экономикалық тұрақтылық деңгейі болып табылады. Жаһандық дағдарыстардан, энергетикалық ресурстардың әлемдік бағасының төмендеуінен және ішкі экономикалық қиындықтардан туындаған экономикадағы белгісіздік саяси шиеленістердің көзі бола алатын

әлеуметтік наразылықты тудырады. Осы сын-қатерлерге жауап ретінде Қазақстан Үкіметі экономиканы әртараптандыруға, Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға және халықтың өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған реформаларды белсенді жүргізуде.

Қазақстанның саяси тұрақтылығы — бұл елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, халықаралық саясаттағы орны және халықтың әл-ауқаты үшін маңызды негіз. Қазақстан — көп ұлтты және көп конфессиялы ел, сондықтан оның саяси тұрақтылығын сақтап қалу бірқатар ішкі факторларға тікелей байланысты. Бұл факторлар мемлекетаралық қатынастарды нығайтып, елдегі азаматтық бейбітшілік пен әлеуметтік тыныштықты қамтамасыз ететін негізгі элементтер болып табылады. Қазақстанның саяси тұрақтылығына әсер ететін ішкі факторлар бірнеше маңызды аспектілерді қамтиды: этносаралық келісім, әлеуметтік теңдік, саяси институттардың тиімділігі, экономикалық жағдай, құқықтық жүйе және білім мен мәдениеттің рөлі.

Біздің еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін мемлекеттік құрылысты қалыптастырып, егемендікті бекітуде және саяси тұрақтылықты нығайту барысында күрделі үздіксіз үдерістерден өтті. Өз кезегінде бұл республикамыздағы саяси жүйені демократияландыру үдерісін жалғастырып, әлеуметтік-экономикалық реформаларға қажетті шарттар жасады. Қоғамымыздағы бейбіт өмір мен қоғамдық келісім мемлекет басшылығы мен барлық қазақстандықтардың біріккен күш-жігерінің нәтижесі деп толық сеніммен айтуымызға болады. Саяси тұрақтылық қоғамдағы бірнеше кешенді мәселелерді қамтамасыз етеді. Еліміздегі халықтың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпкерлердің жеке мүдделерін іске асыру барысында өздерінің мақсаттарына жетудегі әлеуметтік ортаға әсер етуі. Қазақстан өзінің даму кезеңінде бірнеше саяси өзгерістерден өтуде. Атап айтқанда елдің экономикасын көтеру маңызды мақсаттардың бірі.

Отандық кәсіпкерлік жаңа экономикалық бағыттың қозғаушы күші болып табылады. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 2030 жылға қарай, ең аз дегенде, екі есе өсуге тиіс [2]. Мемлекеттік деңгейде саяси тұрақтылыққа әсер ететін фактордың бірі ол - экономика екенің көптеген мемлекеттер мойындап отыр. Халықтың әл ауқатын, жалпы ішкі өнімнің белгілі бір деңгейде тұрақты түрде ұстап тұру немесе өсіруі, елдің тыныштығының кепілі. Экономиканың тұрақтылықта маңызы аса зор екені белгілі. Қазақстанның географиялық жағдайында мұхитқа шыға алмауын ескере отырып, тек құрлық жолдарымен саясат жүргізуде. Мемлекетіміздің жібек жолының бойында орналасуы, экономикамызға әсер ететін факторлардың бірі көрші елдермен сауда саттық жасауы. Сыртқы факторлар елдегі әлеуметтік маңызы бар салалардағы бағаның күрт өсуіне әсер етеді, тиісінше халықтың наразылығын тудыруы мүмкін қауіп қатердің бары анық. Халықтың қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік деңгейде кешенде стратегиялық шешімдер қабылдануда. Қабылданып жатқан шешімдер, жоспарлар қаншалықты деңгейде елдегі маңызды мәселелерді шешеді деген сұрақ туындайды. Экономикадағы ең бастысы халық үшін әлеуметтік маңызы бар азық түлікті көтермеу, еңбекақымен жұмысқа орналасудың тиімді жолдарын ұсыну болып табылады.

Жаңа технологиялар, роботтандыру мен автоматтандыру еңбек ресурстарына және адам капиталының сапасына қатысты талаптарды күрделендіруде [3]. ХХІ ғасырда ғылым мен технологияның үздіксіз даму кезеңінде, мемлекеттік деңгейде елдің саяси жүйесінде біршама өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді талап етеді. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы халықтың жаңа қалауларын тудырады. Әлемде жаһандану кезеңінде елде тек әлеуметтік маңызы бар мәселелер емес, технологияға байланысты кешенді реформалар қабылдауды қажет етеді. Демократиялық қоғамда ақпараттың тез жетуі, өз ойын ашық білдіру сөз бостандығының кепілі. Технологиялық эволюция кезінде халық саяси жүйеде ғаламтордың тез жұмыс жасауын, әрі бұғатталмауын адам құқықтарының маңызды бір бөлігі екенің мемлекеттік билік органдарына айтып келеді. Қоғамда елдің ұлттық қауіпсіздігі ең маңызды мәселелердің бірі, сол себепті саяси жүйеде қоғамды, қоғамдастықтың жиналыстарын ашық түрде өткізіп, ақпаратты жылдам тарату маңызды. Саяси тұрақтылықта ең маңыздысы ел халқының саяси жүйедегі

мемлекеттік билік өкілдеріне сенуі. Мемлекеттік билікте халыққа нақты әрі шынайы ақпараттың баяу жетуі сенімсіздікті ұялатады.

Қазіргі қоғамда ақпараттың уақтылы және дәл берілуі өте маңызды рөл атқарады. Билік өкілдері мен мемлекеттік органдардың өз қызметінде ақпараттың уақытылы, нақты және ашық түрде ұсынылуы халықтың сенімін арттыруға және олардың мемлекетке деген оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Алайда ақпараттың кеш жеткізілуі, әсіресе елдегі маңызды оқиғалар мен шешімдер туралы, қоғамда түсініспеушіліктер мен сенімсіздік тудыруы мүмкін. Бұл мәселе тек қана халықтың емес, билік пен азаматтар арасындағы қарым-қатынастардың негізін тереңінен бұзуға алып келуі ықтимал.

Біріншіден, ақпараттың кеш берілуі халықтың қажетті мәліметтерге қол жеткізуін қиындатады. Әсіресе, төтенше жағдайлар немесе маңызды мемлекеттік шешімдер туралы ақпараттың уақытында таралмауы көптеген азаматтарда үрей мен бейқамдықты туғызады. Мысалы, пандемия, табиғи апаттар немесе экономикалық дағдарыс кезеңдерінде ақпараттың кешігуі қоғамда жаппай алаңдаушылыққа және белгісіздікке себеп болады. Әрбір азамат өз өміріне қатысты қандай шаралар қолданылып жатқанын білуі тиіс. Егер бұл ақпаратты уақытында ала алмаса, онда халықтың мемлекетке деген сенімі төмендеуі мүмкін.

Екіншіден, ақпараттың кеш берілуі немесе бұрмалануы әлеуметтік желілерде қауесеттер мен жалған ақпараттардың таралуына алып келеді. Әлеуметтік желілерде жылдам таралатын ақпараттың көпшілігі ресми емес және расталмаған деректерге негізделеді. Бұл халық арасында алаңдаушылық туғызып, жүйесіз ақпараттық дауылға айналады. Мұндай жағдайларда билік өкілдерінің уақтылы жауап беруі, жалған ақпараттың алдын алу үшін нақты мәліметтерді ұсынуы қажет. Кеш жеткізілген ресми ақпараттың орнына, қауесет пен жалған ақпарат қоғамға үлкен зиян тигізеді, себебі бұл сенімділікті бұзады және халықтың мемлекетке деген сенімін тереңдете алады.

Үшіншіден, ақпараттың кеш берілуі билік пен қоғам арасындағы диалогтың әлсіреуіне әкеп соғады. Мемлекет халықпен тығыз байланыста болуы керек, ал бұл үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі маңызды. Әрбір азамат мемлекеттік шешімдер мен реформалар туралы өз уақытында білуі тиіс, себебі бұл олардың құқықтарын қорғайды және мемлекет пен азаматтар арасындағы сенімнің қалыптасуына ықпал етеді. Егер билік өкілдері ақпаратты кеш жеткізіп, оның салдары қоғамда түсінбеушілік пен күмән туғызса, халықтың мемлекетке деген сенімі төмендейді.

Билік өкілдерінің ақпаратты кеш жеткізуі қоғамдағы сенімсіздік пен алаңдаушылықты ұялатады. Қазіргі заманда ақпараттың жылдам әрі нақты берілуі өте маңызды. Бұл қоғамның тұрақтылығы мен мемлекеттің тиімді жұмыс істеуі үшін қажет. Егер халыққа уақытында және дұрыс ақпарат берілсе, қоғамдағы сенім артады, ал кешіктірілген немесе бұрмаланған ақпараттың кесірінен үкімет пен халық арасындағы өзара сенім бұзылады. Сондықтан, мемлекет пен билік өкілдері ақпаратты уақтылы, ашық және толық жеткізуі тиіс.

Мемлекет пен оның органдарының қызметінің Қазақстандағы ең маңызды бағыттарының бірі елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып келді және болып қала береді [4]. Қазақстанның саяси тұрақтылығының маңызды негізі — этносаралық келісім мен көпұлттылықты сақтау. Қазақстанда 130-дан астам этнос өкілдері тұрады, және олардың арасында әртүрлі тілдер, діндер мен мәдениеттер бар. Бұл көпұлттылық қоғамда бейбітшілікті және түсіністікті қамтамасыз ету қажеттілігін арттырады. Қазақстанның басты ерекшелігі — оның этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтау жөніндегі саясаты. Елде этникалық топтар арасында тұрақты бейбітшілік пен татулық қалыптасқан, бұл Қазақстанның ішкі саясатын тұрақты етіп отыр.

Қазақстанда этносаралық қарым-қатынасты реттейтін маңызды институт — Қазақстан халқы ассамблеясы. Мемлекет пен этноаралық төзімділікті, қоғамдастық келісімнің көрінісі ҚР «Қазақстан халықтар Ассамблеясы» туралы қабылданған Заңда (2008) көріні табады [5].

Бұл орган тек мемлекеттік саясатты насихаттап қана қоймай, сонымен қатар әртүрлі этникалық топтардың өкілдері арасында өзара түсіністік пен келісім орнатуға үлкен үлес қосады. Этносаралық қатынастардың жақсы деңгейде болуы, әрбір этникалық топтың құқықтарын тең дәрежеде қорғау және олардың мәдениеттерін құрметтеу Қазақстанның саяси тұрақтылығына тікелей ықпал етеді.

Мемлекеттің ұлттық саясатының Қазақстандық үлгісі (моделі) этносаралық төзімділік (толеранттық) пен қоғамдық келісім. Ол ҚР Конституциясының қабылдануында [6]. Қазіргі жаһандану заманында әлемнің көптеген елдерінде этносаралық келісім мен толеранттылық мәселесі маңызды қоғамдық және саяси тақырыпқа айналып отыр. Этносаралық қарым-қатынастардың дұрыс құрылуы, түрлі этникалық топтардың өзара түсіністігі мен ынтымақтастығы мемлекеттердің тұрақтылығы мен әлеуметтік бейбітшілігі үшін шешуші фактор болып табылады. Алайда, этносаралық келісім мен толеранттылықты сақтау оңай емес, өйткені ол түрлі қауіп-қатерлермен бетпе-бет келеді. Әсіресе көпұлтты мемлекеттерде бұл мәселе өте күрделі болып, әлеуметтік шиеленістер мен дағдарыстарға алып келуі мүмкін. Қазақстан сияқты көп этникалық мемлекеттер үшін этносаралық келісім мен толеранттылықты сақтаудың маңызы өте зор. Бірақ бұл процестерде бірнеше қауіп-қатерлер де бар, олар қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін. Қоғамдағы этносаралық бөлінушілік — этникалық топтар арасындағы алауыздықтар мен теңсіздік сезімінің күшеюі бірқатар теріс салдарға алып келеді.

Ұлтшылдық немесе этноцентризм — өз ұлтын, этносын басқа этникалық топтарға қарағанда жоғары қою, бұл, әдетте, қоғамда әлсіз топтарға, азшылықтарға қатысты кемсітушілік пен агрессияны туындатады. Қазақстандағы сияқты көпұлтты елдерде ұлтшылдық, әсіресе қоғамдық пікір қалыптастырушы топтар немесе саяси күштер тарапынан қозғалса, этносаралық қатынастарға теріс әсер етуі мүмкін. Ұлтшылдықтың өршуі қоғамда этникалық топтар арасындағы текетірестерді, түсінбеушіліктер мен жанжалдарды тудыруы ықтимал. Бұл жағдай, әсіресе саяси немесе экономикалық дағдарыс кезеңдерінде, түрлі этникалық топтар арасында өзара сенімнің төмендеуіне, ал кейде тұтас қоғамда саяси тұрақсыздықтың орын алуына алып келуі мүмкін. Этносаралық бөлінушілік қазақстандық қоғамда түрлі этникалық топтардың арасында әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздік сезімін күшейтуі мүмкін. Қазіргі кезде ақпараттың тез таралуы мен әлеуметтік желілердің ықпалы этносаралық қатынастарды ушықтыруда басты қауіп-қатердің бірі болып отыр.

Әлеуметтік желілер мен медиа құралдары арқылы түрлі қауесеттер мен жалған ақпараттардың таралуы этникалық топтар арасында түсініспеушіліктер мен үрей туғызып, қоғамда алауыздықты арттыра алады. Әсіресе, дағдарыс кезеңдерінде немесе кез келген саяси оқиғаға байланысты жалған ақпараттың таралуы қауіпті болып табылады. Мысалы, кейбір радикалды топтар немесе азаматтық қоғамдағы тұлғалар әлеуметтік желілерде этносаралық мәселені қозғап, адамдарды бір-біріне қарсы қоюы мүмкін. Әлеуметтік желілер мен интернет платформаларында тарап жатқан жалған ақпарат немесе саяси манипуляциялар қоғамды бөлшектеп, этникалық топтар арасындағы сенімсіздікті арттырады. Бұл жағдай толеранттылықтың құлдырауына және этносаралық қатынастардың шиеленісуіне әкелуі мүмкін.

Этникалық азшылықтар мен оларды саяси немесе әлеуметтік тұрғыда маргинализациялау — этносаралық келісімге қауіп төндіретін тағы бір мәселе. Қазақстандағы кейбір этникалық топтар өздерін қоғамда әлеуметтік және саяси тұрғыдан кемсітілген немесе сыртқа ығыстырылған сезінуі мүмкін. Әсіресе, этникалық азшылықтар өз тілдері мен мәдениеттерінің қорғалмауы немесе олардың құқықтары жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеуі жағдайында, бұл топтар арасында наразылық туындап, этносаралық шиеленіс орын алуы мүмкін. Саяси маргинализация,

әсіресе этникалық топтардың өз құқықтарын қорғауға тырысуы немесе ұлттық мүдделерін алға тартуы кезінде қоғамда түсінбеушілік туғызады. Этникалық азшылықтар көбінесе өздерінің әлеуметтік теңдігін және саяси құқықтарын қорғайтын механизмдерге ие болмаған жағдайда, олар өздерін шеттетілген немесе өкілсіз сезінуі мүмкін, бұл өз кезегінде қоғамда толеранттылықтың төмендеуіне алып келеді. Экономикалық теңсіздік — этносаралық шиеленістер мен қақтығыстарды туғызатын негізгі факторлардың бірі. Әлеуметтік және экономикалық жағынан маргиналданған топтар арасындағы жағдай мен теңсіздік сезімі этносаралық алауыздыққа себеп болуы мүмкін. Мысалы, жұмыссыздық, кедейлік немесе әлеуметтік қауіпсіздік деңгейінің төмен болуы қоғамның белгілі бір бөлігінің басқа топтардан ерекшеленуіне және оларды «жоғары» немесе «төмен» деп қарауға әкеледі. Қазақстанда жұмыс орындарында, білім беру саласында, денсаулық сақтау жүйесінде, және басқа да әлеуметтік қызметтерде теңсіздіктер мен кемсітушіліктер болған жағдайда этникалық топтар арасындағы қарым-қатынастар кері әсерге ұшырауы мүмкін. Әлеуметтік әділетсіздік сезімі этникалық топтар арасындағы кикілжіңді күшейтуі және бір-біріне деген сенімсіздікті арттыруы мүмкін. Бұл жағдай қоғамдық тұрақтылыққа, қоғамдағы этникалық топтар арасындағы үйлесімділік пен келісімді сақтауға қауіп төндіреді.

Этносаралық шиеленістер мен әділетсіздік сезімі радикализация мен экстремизмнің пайда болуына ықпал етуі мүмкін. Қазіргі кезде әлемде көптеген радикалды топтар этникалық және діни кемсітушіліктерді өз пайдасына қолданады. Қазақстандағы кейбір жастар арасында этникалық және діни құндылықтар негізінде радикализациялану процесі орын алуы мүмкін. Мұндай құбылыстар экстремистік көзқарастарды қалыптастыруға және этносаралық келісімді бұзуға ықпал етеді. Радикализация мен экстремизм қауіпі тек ғана экстремистік топтардың белсенділігімен ғана шектелмейді. Ол сондай-ақ этникалық топтар арасында түсінбеушілік, ажырау және қоғамдық діни немесе ұлттық топтардың арасында өзара агрессия мен қарсыласу түрінде көрініс табуы мүмкін. Бұл мәселе өз кезегінде елдің саяси тұрақтылығына, бейбітшілік пен қоғамның келісіміне қауіп төндіреді.

Этносаралық келісім мен толеранттылық — қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың негізі. Алайда, бұл салада түрлі қауіп-қатерлер бар, олар еліміздің әлеуметтік және саяси тұрақтылығына үлкен қауіп төндіруі мүмкін. Этносаралық бөлінушілік, ұлтшылдық, жалған ақпараттың таралуы, саяси маргинализация, әлеуметтік теңсіздік және радикализация сияқты мәселелер этносаралық келісімді бұзып, қоғамды ұйытқыратын бейбітшілік пен толеранттылықты қатерге ұшыратып отыр. Бұл мәселелерді шешу үшін мемлекетте жүйелі саясат жүргізіліп, қоғамның барлық мүшелері арасында теңдік пен әділеттілік орнатылуы қажет. Сонда ғана этносаралық келісім мен толеранттылық сақталып, еліміздің ішкі тұрақтылығы нығая түседі. Қазақстанда саяси тұрақтылықтың сақталуы әлеуметтік теңдік пен әділеттіліктің қамтамасыз етілуіне байланысты. Қоғамдағы әлеуметтік алауыздықтар мен теңсіздік елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты бұзуы мүмкін. Сондықтан, мемлекеттік саясаттың басты міндеті — қоғамдағы әртүрлі топтар арасындағы әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету. Бұл тұрғыда мемлекет әлеуметтік қолдау шараларын, халықтың төменгі және орта табын қолдайтын бағдарламаларды жүзеге асырады. Қазақстанда әлеуметтік бағдарламалардың әртүрлілігі мен ауқымы оның саяси тұрақтылығына әсер етеді. Мысалы, тұрғын үй мәселесі, зейнетақы жүйесі, жұмыссыздықты қысқарту шаралары, білім беру және денсаулық сақтау саласындағы реформалар — бұлар халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды шаралар. Әлеуметтік теңдік орнатылмаса, бұл қоғамның әлеуметтік шиеленісіне әкеліп, саяси тұрақтылықты бұзуына әкелуі мүмкін.

Қазақстанның саяси тұрақтылығының тағы бір маңызды факторы — саяси институттардың тиімділігі мен олардың елдің дамуындағы рөлі. Қазақстандағы саяси жүйе президенттік басқару түріне негізделген, мұның нәтижесінде билік тармақтары арасында тепе-теңдік сақталады. Саяси

институттар мен мемлекеттік органдардың жұмысын жетілдіру, азаматтық қоғамның белсенділігін арттыру, партиялық жүйені дамыту — бәрі саяси тұрақтылыққа оң әсер етеді. Қазақстанда партиялық жүйе енді ғана дамып келе жатқанымен, саяси партиялар мен азаматтық қоғам институттары арасындағы диалогты нығайту мемлекет пен қоғам арасындағы сенімділікті арттырады. Бұл процесстер халықтың мемлекеттік саясатқа деген сенімін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, заң шығарушы және атқарушы билік органдарының тиімді жұмыс істеуі қоғамның саяси тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Қазақстанның саяси тұрақтылығына әсер ететін маңызды факторлардың бірі — құқықтық жүйенің тиімділігі және заңдардың орындалуы. Құқықтық мемлекет принциптерін сақтау, заң үстемдігін орнату қоғамдағы әділеттілікті қамтамасыз етеді және саяси тұрақтылықтың кепілі болып табылады. Егер азаматтар заң алдында тең құқылы екенін сезінсе, олардың билікке деген сенімі артады. Құқықтық жүйенің дамуы, азаматтық құқықтар мен бостандықтарды қорғау, құқық қорғау органдарының әділ әрі тиімді жұмыс істеуі — елдегі әлеуметтік тұрақтылықты сақтаудың негізгі шарттары болып табылады. Сонымен қатар, құқықтық реформалар мен заңдардың жүйелі түрде жетілдірілуі қоғамда демократиялық процестердің дамуымен тығыз байланысты. Заңдардың әділдігі мен орындалуы әр азаматтың мемлекеттік басқару жүйесіне деген сенімін нығайтады. Қазақстанның саяси институттары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен халықаралық аренадағы беделін арттыру үшін үлкен маңызға ие.

Саяси тұрақтылық пен тиімді басқару жүйесі елдің экономикалық өсімін қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде әлеуметтік мәселелердің шешілуіне ықпал етеді. Экономикалық тұрақтылықтың негізі — саясаттағы тұрақтылық. Қазақстанның экономикалық жетістіктері саяси жүйенің тиімділігімен тығыз байланысты. Елде өткізілген құрылымдық реформалар, оның ішінде нарықтық экономикаға көшуді қамтамасыз ету, инвестициялық ахуалды жақсарту және жеке меншік құқықтарын қорғау, экономиканың тұрақты өсуіне мүмкіндік берді. Мысалы, Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің (ІЖӨ) өсуі, оның экономикалық даму қарқыны, сыртқы сауданың артуы елдің саяси тұрақтылығын қамтамасыз ету нәтижесінде мүмкін болды. Қазақстанның саяси институттары демократиялық құндылықтарға негізделі отырып, әртүрлі саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың қызметіне мүмкіндік береді. Бұл әртүрлі пікірлер мен идеялардың саяси алаңда еркін таралуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, саяси тұрақтылық қоғамдағы әлеуметтік шиеленістердің алдын алады және түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін ескеретін саяси шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Қазақстанның сыртқы саясаты да саяси институттардың тиімділігінен айқын көрінеді. Ел өз тәуелсіздігін алғаннан кейін халықаралық саясатта белсенді рөл атқарып келеді. Қазақстанның басшылығы халықаралық деңгейде тұрақты әрі бейбіт саясат жүргізу арқылы көршілес елдермен және әлемдік қауымдастықпен достық қарым-қатынастар орнатты. Осылайша, елдің сыртқы саясаты ұлттық мүдделерге сай және халықаралық деңгейде тең құқылы қатынастарды қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстанның саяси институттары уақыт өте келе өзгерістерге ұшырады және олардың қызметі тұрақты түрде жетілдірілуде. Елдегі саяси жүйенің дамуының басты бағыттарының бірі — демократияландыру. Қазақстанда 1991 жылдан бастап жүйелі түрде реформалар жүргізіліп, азаматтық қоғамның белсенділігін арттыруға бағытталған заңдар қабылданды. Соңғы жылдары саяси партиялар мен қозғалыстардың рөлі артып, елде саяси плюрализм процесі жүріп жатыр. Сонымен қатар, саяси реформалар аясында Парламенттің рөлі күшейтілді, Үкіметтің жауапкершілігі артты, ал азаматтық қоғамның белсенділігі жоғарылады.

Қазіргі таңда білім мен мәдениет саласы да Қазақстанның саяси тұрақтылығына ықпал ететін маңызды фактор болып табылады. Білім беру жүйесі азаматтардың құқықтық санасын қалыптастыруға, оларды патриоттық сезіммен тәрбиелеуге және қоғамда толеранттылық пен мәдени түсіністікті дамытуға бағытталған. Мәдениет пен білім саласының дамуы жастар арасында саяси мәдениетті қалыптастыруда, азаматтық жауапкершілікті арттыруда үлкен рөл

атқарады. Білімді және саяси санасы жоғары азаматтар ғана өз құқықтарын талап етіп, саяси процестерге белсене қатыса алады. Сонымен қатар, Қазақстанда жастардың саяси және әлеуметтік мәселелерге деген қызығушылығы артқан сайын, бұл мемлекеттің ішкі саясатына да оң әсерін тигізеді. Білім мен мәдениет мемлекет ішіндегі тұрақтылықты қамтамасыз етуде ұзақ мерзімді стратегиялық құрал болып табылады.

Білім саласы — қоғамның интеллектуалдық әлеуетін арттыруға және ұлттық құндылықтарды сақтауға бағытталған маңызды құрал. Қазақстанның білім беру жүйесі соңғы жылдары көптеген реформаларға ұшырап, халықаралық деңгейдегі талаптарға сай келуге ұмтылуда. Жоғары сапалы білім беру жүйесі азаматтарды ғана емес, мемлекет деңгейінде де бәсекеге қабілеттілікті арттырады. Тұрақты әрі дамыған білім беру жүйесі саяси тұрақтылықтың негізін қалыптастырып, халықтың ұлттық бірлігін нығайтуға, түрлі әлеуметтік топтар арасындағы алшақтықтарды азайтуға ықпал етеді. Қазақстанда білім беру жүйесі тек экономикалық даму мен инновацияларды қолдау мақсатында емес, ұлттық құндылықтарды сақтау және жастарды азаматтық ұстанымға тәрбиелеу тұрғысынан да дамуда. Мысалы, қазақ тілі мен мәдениетін сақтау, көпмәдениетті қоғамның өзара түсіністігін нығайту мақсатында әртүрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда. Осылайша, білім беру жүйесі жастардың патриоттық сезімін қалыптастырып, оларды еліміздің саяси өміріне белсене араласуға ынталандырады. Мәдениет саласы да Қазақстанның саяси тұрақтылығына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Мәдениет – қоғамның рухани дамуының негізі, ұлттық бірегейліктің сақталуы мен дамытуының құралы. Қазақстан — көпұлтты мемлекет, бұл оның мәдени өмірінде әртүрлі этностар мен ұлттардың салт-дәстүрлері мен құндылықтарын біріктіруді талап етеді. Қазақстанда мәдени әртүрлілік пен толеранттылықты қолдайтын саясат жүргізіледі. Мәдениет саласының саяси тұрақтылыққа әсері, негізінен, халықтың бірлігі мен ынтымағын сақтауда жатыр. Қазақстанның мәдени саясаты ұлттық және халықаралық деңгейде өзара мәдениетаралық диалогты нығайтуға бағытталған. Елдегі түрлі этностардың мәдениетін дамытуға қолдау көрсетіліп, ұлттық мерекелер мен дәстүрлер сақталады. Мысалы, қазақ халқының Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мейрамы бүкіл әлемде атап өтілетін мәдени шараға айналды. Бұл көпұлтты Қазақстанның мәдени өмірінде маңызды рөл атқарып, халықтың бірлігін нығайтады. Қазақстанның мәдениетін ілгерілету және оны халықаралық деңгейде таныту елдің сыртқы саясатына да оң әсерін тигізеді. Мәдени дипломатия арқылы елдің саяси имиджі мен беделі артады. Сонымен қатар, мәдени шаралар мен білім алмасу бағдарламалары түрлі ұлттар мен ұлыстар арасындағы түсіністікті тереңдетіп, ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етуге көмектеседі. Білім мен мәдениет арасында тығыз байланыс бар. Білім беру жүйесі жастарға ұлттық мәдениеттің, дәстүрлердің мәнін түсінуге мүмкіндік берсе, мәдениет саласы жастарды рухани байытуға бағытталған. Олардың арасында үйлесімділік пен өзара құрмет сезімі қалыптасады. Бұл өз кезегінде Қазақстандағы көпмәдениетті қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Білім мен мәдениеттің біртұтас ықпалы арқылы Қазақстанның болашақ ұрпағы елдің саяси тұрақтылығын нығайту үшін қажетті құндылықтар мен жауапкершілікті түсінеді.

Қазақстанның саяси тұрақтылығына әсер ететін ішкі факторлар өте көп және олардың әрқайсысы бір-бірімен тығыз байланысты. Этносаралық келісім, әлеуметтік теңдік, тиімді саяси институттар, экономикадағы тұрақтылық, құқықтық жүйенің даму деңгейі және білім мен мәдениет — бұлардың барлығы мемлекеттің ішкі саяси ахуалына және оның болашағына тікелей әсер етеді. Әрбір осы фактордың дұрыс әрі жүйелі түрде жүзеге асырылуы қоғамда бейбітшілік пен тұрақтылықтың сақталуына мүмкіндік береді. Сонымен бірге, елімізде әрбір азаматтың құқықтары мен еркіндіктері құрметтеліп, тең мүмкіндіктер берілсе, бұл елдің саяси тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан азаматтарының әл – ауқатының өсуі-басты мақсат мемлекеттік саясат. Ел Президентінің халыққа Жолдауы Қазақстан. 2008 жылғы 6 ақпан // <http://www.akorda.kz>
2. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>
3. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан.
4. А.Е. Чеботарёв. Егемен Қазақстандағы бастауы, дамуы, бүгіні. Монография. – Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2021 – 476 б.
5. Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы № 70-IV Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2008 – № 17-18, 70-құжат;
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Қазақстан мемлекетінің Ата (негізгі) заңы. 1995 ж. 30 тамыз // [www.akorda.kz/.../constitutional control in the republic of kazak](http://www.akorda.kz/.../constitutional%20control%20in%20the%20republic%20of%20kazak).

СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

ФИЛОСОФСКИЕ НАУКИ PHILOSOPHICAL SCIENCES

КАРАТЫШКАНОВА КЫМБАТ РАХМЕТОВНА [ТҮРКІСТАН, ҚАЗАҚСТАН] ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ
МЕН АБАЙ АРАСЫНДАҒЫ СЫПАТ ТӨҢРЕГІНДЕ САБАҚТАСТЫҚ.....3

РАХИМОВА ГУЛЬНАРА ДҮЙСЕНҚЫЗЫ [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] ЯССАУИ ІЛІМІНДЕГІ АДАМ
МӘСЕЛЕСІ.....7

ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ PHYSICAL EDUCATION AND SPORT

УШЕНИНА Е. С., ТАЖИГУЛОВА Б.М. [АСТАНА, КАЗАХСТАН] ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЕ ФИЗИЧЕСКИЕ
УПРАЖНЕНИЯ ПРИ ВНУТРЕННИХ ФАКТОРАХ РИСКА У УЧАЩИХСЯ 9 КЛАССОВ16

СОЦИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ SOCIOLOGICAL SCIENCES

НИЯЗОВ НУРДАУЛЕТ АБИЛДАЕВИЧ [ТҮРКІСТАН, ҚАЗАҚСТАН] ЖАСТАРДЫҢ
ӘЛЕУМЕТТЕНУІНДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ.....25

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ НАУКИ AGRICULTURAL SCIENCES

TURABOV URFAN TURAN oğlu, VƏLİZADƏ RUQİYƏ VALEN qızı [GƏNCƏ, AZƏRBAYCAN] CERSEY
İNƏKLƏRİN SÜD MƏHSULDARLIĞI.....28

АДИЛОВА ШОХИСТА ШУХРАТ кизи, А.И.МОРГУНОВ [УЗБЕКИСТАН] ОЦЕНКА
ГЕНЕТИЧЕСКОГО РАЗНООБРАЗИЯ МЯГКОЙ ПШЕНИЦЫ В УСЛОВИЯХ ЗАСУХИ С
ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ SSR-МАРКЕРАМ В УСЛОВИЯХ УЗБЕКИСТАНА.....33

**ДАИН ЖАНЕЛЬ АРСЛАНҚЫЗЫ, МӘЛІК АҚЕРКЕ МӘЛІКҚЫЗЫ, БАЗАРБАЙ АҚМАРАЛ
ТАЛҒАТҚЫЗЫ, МЫРЖИЕВА АСЕМ БЕКБОЛАТОВНА** [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] ҚҰС ЕТІНІҢ
САПА ЖӘНЕ ОРГАНОЛЕПТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ, САПАСЫН ЖАҚСARTU ӘДІСТЕРІ.....36

ЖЕҢІС ӘМИНА ЕРКІНҚЫЗЫ, МЫРЖИЕВА АСЕМ БЕКБОЛАТОВНА [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН]
БАЛЫҚ ЖӘНЕ БАЛЫҚ ӨНІМДЕРІНІҢ САПАСЫ.....40

**САТАН АҚЖАН БЕРІКҚЫЗЫ, ӘЛІҚҰЛОВ НҮРПЕЙІС МАРАТҰЛЫ, МЫРЖИЕВА АСЕМ
БЕКБОЛАТОВНА** [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] ТАУЫҚ ЕТІНІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ ӘДІСТЕРІ.....46

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ PSYCHOLOGICAL SCIENCES

CƏFƏROVA LALƏZAR ELŞAD qızı [ŞƏKİ, AZƏRBAYCAN] MƏKTƏBƏQƏDƏR YAŞLI UŞAQLARLA
LOQOPEDİK İŞİN TƏŞKİLİ.....51

ПЕРНЕБЕКОВА Ф.О. [ОРАЛ, ҚАЗАҚСТАН] ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ.....	55
---	----

АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО **ARCHITECTURE and CONSTRUCTION**

ZORBANOVA NURILA ERBOLKYZY, KUZAR ZH.N. [ASTANA, KAZAKHSTAN] ARCHITECTURAL STYLES AND LOST CITIES/PROJECTS.....	60
---	----

ГЕЛЬМАНОВА ЗОЯ САЛИХОВНА, АШИМОВ ГАЛЫМ АБИХАНОВИЧ, САУЛЬСКИЙ ЮРИЙ НИКОЛАЕВИЧ, ТРУХАНОВ РУСЛАН АЛЕКСАНДРОВИЧ [ТЕМИРТАУ, КАЗАХСТАН] БУДУЩЕЕ ЖИЛИЩНОГО СТРОИТЕЛЬСТВА: РОЛЬ 3D-ПРИНТЕРОВ В ФОРМИРОВАНИИ ГОРОДСКОЙ СРЕДЫ.....	64
---	----

ПОЛИТОЛОГИЯ **POLITICAL SCIENCES**

SAITOVA NINA ALEKSEEVNA, ASSYLBEKOVA AKDANA AIDARKYZY [ALMATY, KAZAKHSTAN] COOPERATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND THE UNITED NATIONS IN ENSURING CIVIL HUMAN RIGHTS.....	72
---	----

АЛИМОВ БОТУРЖОН ХАМИДОВИЧ, АЛЛАКОВ АТАДЖОН КАКАБАЕВИЧ [КАЗАНЬ, РОССИЯ] ЭКОНОМИЧЕСКОЕ И ТРАНСПОРТНОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ СТРАН «КАСПИЙСКОЙ ПЯТЁРКИ»....	85
---	----

СЕЙТҚАДЫР ОЛЖАС БОЛАТУЛЫ [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] САЯСИ ТҰРАҚЫТЫЛЫҚ – ЕЛ ЕГЕНМЕНДІГІНІҢ НЕГІЗІ.....	89
--	----

ENDLESS LIGHT IN SCIENCE



Контакт



irc-els@mail.ru

Наш сайт



irc-els.com